Шұбаркөл белсендірілген көмір шығарады

5 - бет ӨНДІРІС

Төлем карточкасымен төлемдер өскен

6 - бет ҚАРЖЫ

Абай даналығы – халық мұрасы

8 - бет МӘДЕНИЕТ

TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//19 ҚАРАША 2020 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ

Пандемияны ауыздықтау: Індетке қарсы күрес шаралары мейлінше ашық болуы қажет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үкімет мүшелерімен, бірқатар мемлекеттік органдардың басшыларымен, қалалар мен облыстардың әкімдерімен коронавирус індетінің таралуына қарсы іс-қимыл шаралары жөнінде видеоконференция режимінде кеңес өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде пандемия кезінде отандық дәрігерлердің тиісті тәжірибе жинағанын, бұл дерттің негізгі белгілерін айқындап, онымен күресу жолдарын үйренгенін атап өтті, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі. Осы аралықта еліміздің денсаулық сақтау саласы біршама нығайып, жаппай тестілеу жұмысы жолға қойылды. Наукастармен байланыста болғандарды анықтау ісі жетілдірілді. Бизнес өкілдері де жаңа ахуалда жұмыс істеуге бейімделе бастады. Ең бастысы, азаматтарымыздың пандемияға деген көзқарасы өзгерді. «Пандемияның екінші толқыны көптеген белгілері бойынша өзгеше болмақ және ел экономикасы үшін күрделі кезеңде өтпек. Біз мұны ескеруіміз керек. Бүгінде бүкіл әлем «ковид тендеуі» деп аталатын күрделі мәселені шешудің алдында тұр. Мұндай жағдайда тұтас бір саланың жойылып кетуі ғана емес, оның кейін білінетін салдары да оңай тимейді. Жұмыссыздық өршіп, білім беру ісіндегі олқылықтардың кесірі түрлі теріс пиғылдардың асқынуына, оның ішінде, қылмыстың өршуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан қазіргі міндет – көктемгедігей жаппай карантинге жеткізбей, пандемияны ауыздықтау», – деді Мемлекет басшысы.

Президент кейбір өңірлерде аталған дертпен ауырғандар санының артуына байланысты жүйелі шаралар қабылдаудың маңыздылығына назар аударды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде індет жұқтырғандардың барынша нақты есебін алу вируспен күрестің басты талабы екенін айтты. «Бірқатар облыстарда коронавирус індетіне қатысты жаңа жағдайларды жасыру деректері анықталды. Әңгіме Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Қостанай және басқа да облыстар жайында болып отыр. Өтірікті шындай сөйлету аса қауіпті құбылыс екенін түсіну керек. Өйткені ол шынайы қауіптің бетін бүркемелейді. Сондай-ақ бүкіл еліміз бойынша коронавирус індетіне қарсы жүргізіліп жатқан күрес стратегиясына зиянын тигізеді. Қазіргі ахуал жете бағаланбай, қабылданған шаралар толық жүзеге асырылмай отыр. Халықтың індеттен сақтану деңгейі төмендеп кеткен. Бұл – аксиома. Мұндай жағдай әлемнің көптеген елінде байқалуда. Аталған проблеманың біздің денсаулық сақтау жүйемізде де созылмалы сипат алғанын мойындауымыз керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Денсаулық сақтау министрлігіне Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп, медициналық статистиканы бағалау және талдау жөнінде кешенді жоспар әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар барлық денсаулық сақтау ұйымдарының толық дайын болуын қамтамасыз етуді міндеттеді. Бұл әскери медицинаға да тікелей қатысты. Себебі олар індетпен күресу үшін шұғыл күш жұмылдыруға және құралдармен жабдықтауға дайын болуы тиіс. «Медициналық ұйымдарға жүргізілген бағалау қорытындысы олардың дайындық деңгейінің әлі де төмен екенін көрсетті. Денсаулық сақтау нысандарының жартысынан астамында заң бұзушылықтар анықталған. Ауруханалар аймақтарға толық бөлінбеген. Нәтижесінде емделушілер мен аурухана қызметкерлерінің індет жұқтыру қаупі сақталып отыр. Шын мәнінде, барлық өңірлерде жан сақтау бөлімшелерінің тиісті құрал-жабдықтармен толықканды қамтамасыз етілмегені көрінді. Атап айтқанда, коронавирус індетімен қатты ауырған науқастарды емдеуге қажетті жекелеген дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың жетіспеушілігі байқалады. Өңірлер емдеу хаттамасында көрсетілген дәрі-дәрмектерді емес, өздерінің білгені бойынша препараттар сатып алуда», – деді Президент.

> [3]

► ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР

Risers	Last	%△1D	%△1M
KZTO 18.11.20 16:57	869,00	+5,46	+7,95
KZAP 18.11.20 16:54	6 250,00	+0,79	+3,67
GB_KZMS 18.11.20 16:59	3 505,00	+0,20	+19,20
KEGC 18.11.20 16:44	1 701,84	+0,05	-0,59
KCEL 18.11.20 16:51	2 730,00	+0,04	+0,89
KASE Индексі 18.11.20 16:56	2 553,72	+0,53	+5,02

АҚША НАРЫҒЫ

Symbol	Last	%△1D	%△1M
MM Index 17.11.20 00:00	8,60	+0,23	-0,26
TONIA 18.11.20 16:42	9,69	+1,09	+0,83
SWAP-1D (USD) 18.11.20 17:05	7,40	-4,10	-3,10
TWINA 18.11.20 16:11	8,89	-0,12	+0,20
SWAP-2D (USD) 18.11.20 17:05	7,50	-0,80	-1,50

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Deals	Yield	DTM
KSYSb1 18.11.20	13.50	–
MFOKb1 18.11.20	21.42	–
FFINb3 18.11.20	0.00	–
BRKZe10 18.11.20	8.95	–
BASPb7 17.11.20	10.35	–
PKDAb1 17.11.20	0.00	–

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
NTK027_2683 18.10.20	8.80	–
MUM168_0002 18.10.20	10.20	–
MKM012_0148 17.10.20	9.30	
MUM156_0006 16.10.20	9.40	
KZ_10_2811 11.10.20	0.94	–
KZ_05_2410 11.11.20	1.18	–

► ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер

KASE	2 540.16	0.88% ↑
FTSE 100	6365.33	-0.87% ↓
CAC 40	5483.00	0.21% ↑
S&P 500	3609.53	-0.48% ↓
Dow Jones	29783.35	-0.56% ↓
Nikkei 225	26014.62	0.42% ↑
DAX	13133.47	-0.04% ↓
SSE Comp	3339.90	-0.21% ↓

18 Қараша 2020

Тауарлар

Мұнай	43.61	-0.16% ↓
Алтын	1 889.05	0.18% ↑
Платина	935.00	2.86% ↑
Палладий	2 338.00	-0.09% ↓
Никель	14 423.00	-0.61% ↓
Алюминий	1 770.50	-0.53% ↓
Күміс	24.20	1.50% ↑

18 Қараша 2020

Валюта нарықтары

USDKZT	428.13	-0.31% ↓
EURKZT	508.10	-0.10% ↓
USDRUB	75.7042	-0.69% ↓
USDUAH	28.1368	0.03% ↑
USDBYN	2.5492	-0.09% ↓
EURUSD	1.1873	0.10% ↑
GBPUSD	1.3286	0.34% ↑

18 Қараша 2020

ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

CoviD-19: Екінші толқын және ағымдағы ахуал

Коронавирус пандемиясы кезіндегі карантин мен қатаң шектеу шаралары жаһандық экономика ахуалын одан әрі күрделендіре түсті. Шекаралар жабылып, елдер арасындағы сауда-саттық, барыс-келіс тоқтады. Көптеген елдерде өндіріс тұралап, жұмыссыздық өсті, іскерлік белсенділік күрт төмендеді.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Биыл алғашқы жартыжылдықта төрткүл дүниедегі сауда 15%-ға құлдырады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) мәліметтеріне сәйкес, екінші тоқсанда әлемдік өндіріс көлемі былтырғы жылдың соңындағыдан 10% дерлік төмен болды. Бұл бейбіт уақытта бұрын-соңды болып көрмеген жағдай.

Сарапшылар қырқүйекте әлемдік экономиканың шығыны 7 трлн долларға дейін жеткенін айтады, бұл Германия мен Франция секілді екі бірдей ауқымды экономиканы жоғалтқанмен пара-пар. Ал пессимистік болжамдар тіпті бұл санның 11 трлн долларға жететінін алға тартады. ЭЫДҰ 5%-дық өсімнің қалпына келуін күтеді, алайда көптеген елдердің ІЖӨ биылғы жылдың қорытындысы бойынша былтырғыдан төмен болмағы даусыз. Әлем елдері алдағы жылдарда пандемияның тікелей және жанама зардаптарын біршама уақыт сезінері анық.

Жалпы пандемия қатты соққы әкелген салалар – туризм және транспорт. Әлемнің жетекші экономикаларында туризм мен транспорттың алатын үлесі ІЖӨ-нің 7%-дан 14%-на дейін құрайды. Олардың қалпына келуі 2021 жылдың екінші тоқсанынан ерте болмайтындығын ескерсек, бұл, әрине, тұтас алғанда әлемдік экономиканың қалпына келуін тежейді.

Карантиндік шектеулер жеңіл өнеркәсіпті де құлдыратты. Ірі сауда орталықтары, базарлар жабылды. Сондай-ақ қонақ үй бизнесі, қоғамдық тамақтандыру, демалыс және ойын-сауық, мәдениет пен спорт салаларында да кіріс қысқарды.

Дамыған елдердің үкіметтері пандемия кезінде өз экономикаларын қолдау үшін триллиондаған доллар құйды. Алғашқы толқыннан кейін шектеу шаралары жеңілдетіліп, кейбір елдер өндіріс көлемін қалпына келтіре бастады. Мәселен, шілдеден бастап Manufacturing PMI және Services PMI алдын ала индикаторлары 50 белгісінен жоғары тұр, Қытай экономика өсімін 4,9% (ж/ж) деңгейінде тіркеді. Германияда өндіріс өсті, АҚШ-та жұмыссыздық азайды, доллар нығайды. Алайда жаңа толқын жаңа құлдырауды әкеледі, дейді Pacific Investment Management-тің жаһандық экономика жөніндегі кеңесшісі Иоахим Фелс.

Иә, CoviD-19-дың қайталану қаупі сейілмеді, күз ортасынан дамыған елдер локдаундар енгізе бастады. Әрине, мұндай жағдайда сыртқы сұраныстың қалпына келуі жөніндегі болжамдар аса оптимистік болып көрінуі мүмкін. Індеттің қайта таралуына орай қатаң шектеулер енгізілер болса, шикізатқа әлемдік сұраныс төмендейді, тиісінше баға түседі. Бұл өз кезегінде мұнай экспорттаушы елдерде, оның ішінде Қазақстанда валюталық түсімнің азаюына әкеледі. Экспорттық төлемдердің қысқаруы ұлттық валютаға қысым көрсету және сәйкесінше инфляциялық үдерістердің жеделдеу тәуекелін туындатады. Сондықтан елдердің үкіметтері экономиканы ынталандыру шараларын күшейтіп, шектеулерді барынша нақты қарастыруы мүмкін.

НЕГІЗГІ ӨСІМ

Kaz Minerals: Тоғыз айдағы толымды нәтиже

Коронавирус пандемиясына байланысты туындаған қиындықтарға қарамастан, еліміздегі өсу әлеуеті зор мыс өндіруші Kaz Minerals тобының тоғыз айдағы қызметінде нақты көрсеткіштер тіркелді. Компания күміс пен мырыш өндірісінің жылдық болжамын арттыруға, мыс пен алтын өндірісінің жоспарлы аралықтарының жоғарғы шегіне жетуге күш салуда.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Ең алдымен қызметкерлер мен мердігерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуді назарға алған компания, оларды қорғау үшін және өндірістегі іркілістерді азайту мақсатында жан-жақты шараларды сақтап отыр. Өйткені, үшінші тоқсанда пандемия топтың қызметіне қатты әсер етпегенімен, төртінші тоқсанда жаңа шектеулер ықтималдығы әлі де бар.

> [5]

ОҢТАЙЛЫ ҚЫЗМЕТ, ТАҢДАЛЫ ТАУАР: ЖҰМЫС ЖЕТІЛСЕ – САПА ЖОҒАРЫЛАЙДЫ 2

«ЕКІ ТУЫСҚАН ОРДА»: НОҒАЙЛАР МЕН ҚАЗАҚТАР (Жалғасы. Басы өткен санда) 7

16+

№47 (689)

ISSN 1999-5830

АПТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАЙЛАНЫС, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНДЕ ТІРКЕЛІП, 2017 ЖЫЛҒЫ 14 ЖЕЛТОҚСАНДА №16796-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

Азаматтық қоғам

Өзара іс-қимылдың тың тәсілдері

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева Алматы қаласының өңірлік Азаматтық форумының ашылуында сөз сөйледі.

Форумның пленарлық бөліміне Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің төрағасы Рахман Алшанов, «Алматы қаласының кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрайымы Зәуреш Өмірбаева, ҮЕҰ өкілдері қатысты.

«Кез келген мемлекет әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуде сенімді серіктестікті талап етеді. Бұл тұрғыда қоғамның түрлі салаларының проблемаларын білетін ҮЕҰ-ға үлкен сенім артылады. Сондықтан ҮЕҰ белсенділігі біз үшін әрқашан маңызды», – деп атап өтті сала министрі.

Қазірде мемлекеттік органдардың ҮЕҰ-мен жобалық өзара іс-қимыл мәселесі қайта қаралуда. Іске асырылған бірлескен жобалардың сапалық көрсеткіші сандық көрсеткіштен басым болады. Бұл үшін мемлекеттің 10 жылға арналған әлеуметтік бағдарланған стратегиясын әзірлеу және бекіту туралы мәселе бастама болды, оның іргетасы адам мен оның қажеттіліктері болады.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі үкіметтік емес ұйымдарды кәсібілендірудің маңыздылығын ерекше атап өтті. Бұл ретте іске асырылып жатқан «ҮЕҰ Академиясы» жобасы базасында азаматтық сектор көшбасшылары даярланып, қоғамдық бірлестіктердің кәсіби дағдылары дамитын болады. Елімізде азаматтық секторды одан әрі дамыту үшін министрлік сертификатталған сарапшылар институтын құру және ҮЕҰ гранттық жобаларының бюджетін жоспарлау форматын өзгерту бойынша жұмыс жүргізуде.

Мінбер

Қандастар көшін жандандыру керек

Соңғы 10 жылда Қазақстанға көшіп келгісі келетін қандастар саны күрт азайды. «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының XVIII съезінде партия төрағасы Әли Бектаев қандастардың тарихи отанына дүние-мүлкімен көшіп келуі мәселесін шешу керектігін айтты.

«Ұлттық құндылықтарымызды сақтап, оны күшейтуге, сонымен қатар демографиямыздың күрт өсуіне арқау болатын – қандастарымыз. Тәуелсіздік алғалы бері тарихи отанына 1 млн 200 мың ағайын көшіп келген болса, олардың қазіргі саны – 3 миллионға жуық. Бүгінде бұл үлкен әлеумет. Олардың қоғамға да, мәдениетке де, тіпті ауыл шаруашылығына да сінірген еңбегі зор», – деді ол сөз сөйлеу барысында.

Оның айтуынша, бейресми деректерге сәйкес сыртта әлі 7,5 млн қандасымыз жүр. 2010 жылдан бастап мемлекеттік қолдау тетіктері тоқтатылғандықтан, олардың Қазақстанға көшіп келу үдерісі азайған. «2017 жылдан бері қоныс аудару квотасы пайда болды. Десе де жоғары нәтиже байқалмайды. Осы мәселені қолға алу керек деп санаймыз. Сонымен қатар, қандастар көшін қайта жандандыру үшін дипломатиялық миссия құзырлы органдармен бірге этникалық қазақтардың тарихи отанына қоныс аударуы кезінде мал, техника тәрізді жылжымалы мүліктерін өздерімен алып келуі мәселесін шешуі тиіс», – деді «Ауыл» партиясының төрағасы.

Бизнестің жол картасы-2025

Кәсіпкерлерге қолдау көрсетілді

«Қарапайым заттар экономикасы» жеңілдетілген несиелендіру бағдарламасы түркістандық кәсіпкерлерге үлкен көмегін тигізіп отыр, деп хабарлайды облыстық әкімдіктің баспасөз қызметі.

Антикризистік шара ретінде қолға алынған бағдарлама арқылы биыл 262 жоба қаржыландырылған. Өткен жылмен салыстырғанда қаржыландырылған жобалар саны 2,7 есеге артып, Түркістан облысы бұл көрсеткіш бойынша көш бастап тұр.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен бирифингте кәсіпкерлік және сауда басқармасының басшысы Нұрбақыт Иманқұлов мәлімдегендей, кәсіпкерлердің өндірістік қуатын сақтау және тұрақтандыруға бағытталған «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасының бюджеті ағымдағы жылда 38%-ға артып, 3,3 млрд теңгені құраған. Бағдарлама аясында 400-ге жуық кәсіпорынға қолдау көрсету жоспарланған болса, бүгінгі таңда 304 жоба қаржыландырылған. Өңір бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1,4%-ға өсіп, 142 682 бірлікті құрады. Орын алған экономикалық өзгеріс жағдайына қарамастан, шағын және орта бизнеспен өндірілген өнім көлемі 10,9%-ға ұлғайған.

ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Үкімет отырысында мемлекеттік қызмет көрсету процесін жетілдіру және Қазақстанда тауарларды таңбалау мен оларды бақылау мәселесі қаралды. Премьер-министр Аскар Мамин бұл мақсаттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Оңтайлы қызмет, таңбалы тауар: Жұмыс жетілсе – сапа жоғарылайды

Қазіргі эпидемиологиялық ахуал жағдайында Цифрлық даму, инновациялар және аэрогарыш өнеркәсібі министрлігі бизнес процестерді оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізді. Бұл ретте ХҚКО жұмысының форматы өзгертілді, артық құжаттар талаптары алынып тасталды. Тиімді шаралардың бірі – Blockchain технологиясын енгізу арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсету уақыты едәуір қысқарды, және бұл деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігін болдырмайды. ҚР Мемлекеттік қызметтер тізілімінде 698 мемлекеттік қызмет түрі қарастырылған, олардың 85,5%-ы онлайн-режимде көрсетіледі. Осы жылдың соңына дейін бұл көрсеткіш 90%-ға дейін жеткізіледі. Биыл eGov пайдаланушыны биометриялық сәйкестендіру жолымен бір қадамда жеңілдетілген тіркеу механизмін енгізеді. Осылайша, eGov-та ұялы телефонды бетке жақындату арқылы тіркелуге болады, ал биометриялық сәйкестендіру қосымша сұрақтар қою арқылы пайдаланушыны өзі анықтап, тіркейді. Азаматтардың автомобильдерді тіркеу үшін мамандандырылған ХҚКО-ларға баруының баламасы банктік қосымшалар арқылы сатып алу-сатуды рәсімдеу болады, бұл қызмет көрсету уақытын қысқартады, құжаттар үйге жеткізіледі. Сондай-ақ биылғы жылдың соңына дейін электрондық форматтағы әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсеткіші 90%-ға жеткізілмек.

Үкімет басшысы жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттану деңгейін кемінде 80%-ға жеткізуді, сондай-ақ ТКШ қызметтері бойынша астаналық IQala жобасы үлгісімен тиімді шешімдер енгізуді тапсырды. Цифрлық даму министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, барлық әлеуметтік маңызды мемлекеттік қызметтерді eGov mobile-ға ауыстыру жоспарын бекіту тапсырылды. «Халыққа жұмыстың нақты нәтижелері қажет. Алдағы жылы қағаз анықтамалардың қажеттілігін толығымен жойып, «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясынан қызметтерді жеткізуді қамтамасыз етумен барлық онлайн қызметтер мен сервистердің қолжетімділігін 100%-ға дейін арттыруымыз керек», – деді А.Мамин.

Осы орайда Денсаулық сақтау министрлігіне азаматтарға қажетті электрондық медициналық мәліметтерді беруді қамтамасыз ету, сол секілді Еңбек министрлігіне мемлекеттік органдармен бірлесіп, зейнетақы мен жәрдемақыларды беруді тағайындау процестерін цифрландыру үшін қажетті деректерді толық цифрландыру мен жаңартуды қамтамасыз ету тапсырылды. Премьер-министр орталық және жергілікті атқарушы органдарға барлық ақпараттық жүйелерді тиімді интеграциялау және олардың үздіксіз жұмыс істеуін, сапасы мен халық үшін пайдалануға жеңілдігін арттыру бойынша шаралар қабылдауды тапсырды. Сонымен бірге мемлекеттік қызметтерді цифрландыру саласындағы жаңалықтар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігіне ерекше назар аударды.

Тауарларды таңбалау және қадағалау мәселелері бойынша баяндалғандай, қазірде Қазақстан ЕАЭО-ның интеграциялық процестері аясында тері бұйымдары мен темекі өнімдерін міндетті таңбалауды енгізді, дәрілерді, алкогольді, аяқ киім мен сүт өнімдерін таңбалау жөніндегі пилоттық жобаларды іске қосты. Ел аумағында тауар қозғалысының ашықтығын қамтамасыз ету үшін импорттан немесе өндірістен бастап бөлшек саудада өткізуге дейінгі бүкіл тізбек бойынша Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесі құрылды. Осының арқасында биылғы 10 айдың ішінде кеден баждарының, ҚҚС пен акциздердің қосымша түсімдері 132 млрд теңгені құрады.

«Тауарларды таңбалау және қадағалау жүйесін енгізу қазақстандық нарықты контрафактілік және сапасыз өнімдерден қорғауға, азаматтардың денсаулығын сақтауға, отандық өндірушілердің ЕАЭО нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді», – деді А. Мамин.

Үкімет басшысы ЕАЭО мемлекеттерінде аталған жұмысты ілгерілетуді ескере отырып, таңбаланған тауарлар тізбесін кеңейту мәселесін талқылады. Премьер-министр ЕАЭО мемлекеттерінің бақылау-сәйкестендіру белгілерін өзара тануы өте маңызды. Осы ретте бизнес-қоғамдастықты кеңінен хабардар ете отырып, тауарларды таңбалау жүйесіне қатысушылардың барлығының өзара үйлесімді іс-қимылын қамтамасыз ету қажет. А.Мамин Тауарларды қадағалаудың ұлттық жүйесін енгізу адал салық төлеушілер үшін бизнес жүргізудің бәсекелестік жағдайларын арттыруға, өндіріс, сауда көлемін ұлғайтуға, көлеңкелі айналымды азайтуға жол ашатынын айтты. Сәйкесінше, Қаржы министрлігіне тауарларды қадағалау жүйесін жетілдіру және таңбаланған тауарлардың айналымын бақылау жұмысын жалғастыру, Цифрлық даму министрлігіне «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлесіп, ақпараттық жүйелердің, оның ішінде тегін мобильді қосымшалардың тұрақты жұмыс істеуін, оларды техникалық қолдауды және жылдамдығы жоғары мобильді интернет сапасын қамтамасыз ету тапсырылды.

ТУҒАН ЖЕР

ҚҰМИЯН ҚАЛАСЫ

VII-XII ғасырларда пайда болған Құмиян қаласы – Келінтөбенің оңтүстік-батыс жағында 10 шақырым жерде, Сырдарияның құрған қалған арнасынан 3-4 шақырым қашықтықта орналасқан. Құмиян тік төртбұрышты қамал қала, көлемі 210х180 метр, қала сыртындағы қорғанның кейбір сақталған биіктігі 5-6 метр, дуалының ені шамамен 3-3,5 метр болады. Қаланың оңтүстік жағындағы екі бұрышындағы мұнараның құлаған орны 2,5 метр төбе болып үйілін жатыр. Қорғанның құрылыс жүйесіне қарағанда төрт жағында бес-бестен мұнара болған. Мұнаралардың арасы 35 метр болады. Қаланың қақпасы оңтүстік-шығысында орналасқан.

БИЗНЕС&БИЛІК

ПРЕЗИДЕНТ

Пандемияны ауыздықтау: Індетке қарсы күрес шаралары мейлінше ашық болуы қажет

> [1]

Қасым-Жомарт Тоқаев дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мәселесіне егжей-тегжейлі тоқталды. Ол медициналық ұйымдардың, дәріханалардың не сатып алғанын, жалпы бірыңғай дистрибьютердің қоймаларындағы дәрі-дәрмек қорын анықтауды талап етті.

Үкімет әкімдерімен бірлесіп, бекітілген емдеу нормалары мен хаттамасына сәйкес келетін дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың сатып алынуын қамтамасыз етуі керек. «Менің тапсырмам бойынша ПТР сынамалары мен медициналық бетперделердің бағасы төмендетілді. Мұндай оң бастаманы халық бірден сезінді. Осындай жұмыстарды медициналық дәрі-дәрмектерге, ең алдымен, коронавирусқа қарсы медикаменттерге қатысты жүргізу қажет. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агентігіне Мемлекеттік кіріс комитетімен бірлесіп, аталған мәселені қарастыруды тапсырамын. Жалпы агенттік дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың бағасын реттеу ісіне ат салысып, фармацевтикалық бизнестегі картельдерді өшкерелеуі керек», – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекет тарапынан коронавируспен күреске жұмылдырылған медицина қызметкерлеріне үстемақы төлеу жалғасатынын атап өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысы санитарлық талаптар мен шектеу шараларының сақталуына компания басшыларының және бизнес иелерінің жауапты екенін еске салды. Соңғы уақытта ірі кәсіпорындардағы еңбек ұжымдарында вирус жұқтырғандардың саны арта бастады. Қоғамдық көліктердегі санитарлық жағдай және азаматтар көп шоғырланатын орындарда әлеуметтік қашықтықтың сақталмауы алаңдаушылық тудыруда. «Ата-аналар шыдамдылық танытып, қазіргі ахуалға түсіністікпен қарауы керек. Осындай жағдай тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде қалыптасып отыр. Біз білім сапасының төмендеуіне жол бермеуіміз қажет. Оқыту нәтижесіне мониторинг жүргізіп, білім саласындағы олқылықтарды жою үшін уақтылы шаралар қабылдау керек. Үкіметке өңір әкімдерімен бірлесіп, шектеу шараларына қарамастан, білім сапасын бақылауды күшейтуді тапсырамын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы медицина қызметкерлерін қажетті көлемдегі қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл үшін Үкімет отандық бетперделер мен басқа да жеке қорғаныш құралдарын өндірушілерді кепілді көлемдегі шикізатпен қамтамасыз етудің тетігін әзірлеуі тиіс. Пандемияға қарсы барлық шаралар мейлінше ашық болуы қажет. «Үкімет жұмылдырыққа жол берілуі мүмкін барлық учаскелерді қатаң бақылауға алуы тиіс. Пандемияның бірінші толқыны кезінде жұмылдықпен бетпе-бет келдік. Бұл – медициналық бетперделер мен дәрі-дәрмек бағасын арттыру, бақылау-өткізу пунктеріндегі құқық бұзушылықтар, медицина қызметкерлеріне төлем тағайындау кезіндегі жемқорлық. Бақылаушы органдардың, яғни полиция қызметкерлерінің, әкімдіктер мен мониторинг өткізетін топтардың жұмыс сапасына ерекше назар аудару қажет. Пандемия кезінде оларға бизнес пен азаматтарды тексеруге зор, яғни төтенше өкілеттіктер берілді деуге болады. Бұл өзін-өзі ақтады. Мұндай өкілеттіктерді дұрыс қолданған жөн, оны асыра пайдалануға болмайды. «Кімді және қашан тексеретінімді өзім білемін» деген қағидаға жол берілмесін», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев кез келген қиындықтар мен дағдарыстар жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын тағы да атап өтті. Айтарлықтай жетістіктеріміз де бар. Мәселен, екі бірдей отандық вакцина келешегі зор әлемдік биоқұралдардың қатарына енгізіліп, қазіргі уақытта оларға клиникалық зерттеулер жүргізілуде. «Үкіметтің алдында тұрған үлкен міндет – отандық вакцинаны ешбір кедергісіз өндіріске енгізу. Уақытша тіркеу тәртібін жеңілдетіп, вакцинаның тәжірибелік-өнеркәсіп және өнеркәсіп өндірісіне арналған зауыт құрылысын аяқтау қажет. Мен Ресей Президентімен ресейлік вакцина өндірісі зауытының құрылысы бойынша келісімге келдім. Үкімет осы қажетті жобаға инвестиция тарту бойынша келіссөздерді бастап та кетті. Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық бағыттары бойынша жұмысты жалғастыру маңызды. Мұндай шараларды дамыған мемлекеттердің бәрі қабылдап жатыр. Парламенттің осы сессиядағы жұмысы аяқталғанға дейін депутаттардың қарауына Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі заң жобасын енгізу керек», – деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Президент барша азаматтарды тәртіпті қатаң сақтауға, уақытша шектеу шараларына түсіністік танытуға шақырды. Ең алдымен, бұл барша қазақстандықтардың денсаулығы үшін қажет. Мемлекет басшысы дәрігерлерге, полиция қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге және пандемиямен күресте алдыңғы шепте жүрген барша азаматтарға ризашылығын білдірді.

Дайындаған
Ернар ОРМАНОВ

БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2025

Тұрақты даму – өрісті өркендеу негізгі

Түркістан облысының экономикасы жылдан-жылға жақсарып, өнеркәсіп пен кәсіпорындардың жұмысы қарқынды түрде дамып келеді. Бұған дәлел, ағымдағы жылдың 8 айының қорытындысында облыстың өнеркәсіптік кәсіпорындары 344 миллиард теңге соманың өнімін өндірген. 2018 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда, яғни екі жылдың ішінде өндіріс көлемі 6,5%-ға өскен.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Түркістан облысының инвестиция және экспорт басқармасының басшысы Иса Құдабеков мәлімдеді. Оның айтуынша, облыстағы 300 бірлік өнеркәсіп орындарында 23 мыңға жуық адам жұмыс істейді. «Бүгінгі таңда 2020-2023 жылдарға арналған кәсіпкерлікті қолдау картасы аясында жалпы сомасы 324 млрд теңгені құрайтын 29 жоба іске асырылуда. Нәтижесінде шамамен 6 мың жұмыс орны құрылатын болады. Ал биыл 12,5 млрд теңге сомасына 13 жобаны іске асыру жоспарлануда. Толық іске асқан жағдайда 1500 адам жұмыспен қамтылады. Ағымдағы жылғы жобалардың ішінде 3-і іске қосылған», – деді Иса Мұсаұлы.

Бизнесті мемлекеттік қолдау бүгінгі күні оның үлкен рөлі мен кәсіпкерлік сектордың қуатты ынталандыруы туралы айтуға мүмкіндік береді. Бұған таяуда ғана «Даму» қорының Түркістан облысы бойынша филиалы ұйымдастырған баспасөз туры аясында аймақтық және республикалық БАҚ өкілдері де көз жеткізді.

Кездесу барысында аймақтық филиал директорының орынбасары Елжан Байтанаев Түркістан облысы бойынша «Даму» қорының қаржылық және қаржылық емес қолдау нәтижелері туралы әңгімеледі.

2020 жылдың 9 айында Түркістан облысында субсидиялар есебінен жалпы сомасы 6,10 миллиард теңге болатын 68 жобаға қолдау көрсетілді. Оның ішінде «Бизнестің жол картасы – 2025» бойынша 4,33 миллиард теңгеге 57 жоба; «Қарапайым заттар экономикасы» аясында қуны 1,76 миллиард теңгені құрайтын 11 жоба жүзеге асырылды.

Нарықтағы қазіргі жағдайға қарамастан, ағымдағы жылдың 9 айында жобалардың ішінара кепілдемесінің өсуі де байқалады. Осылайша, кепілдеме бойынша жалпы несие сомасы 2,6 млрд теңгеге кәсіпкерлердің 37 жобасы қолдау тапты, оның ішінде кепілдік сомасы 918,0 млн теңгені құрады.

«Даму» қоры ұйымдастырған шара барысында журналистер қауымы түрлі қызмет салаларында өздерінің бизнес-идеяларын жүзеге асыратын үш кәсіпорында болып, жұмысымен танысты. Онда кәсіпорындар қандай мемлекеттік бағдарламаларды қолданғандығы айтылды.

БАҚ өкілдері алдымен «Танкеев Бауыржан» жеке кәсіпкер «DIAMOND PLAZA» сауда ойын-сауық кешенінде болды. «Танкеев Бауыржан» жеке кәсіпкер «DIAMOND PLAZA» кешені – 5 қабатты сауда үйінің жалпы ауданы 12 182 шаршы метрді құрайды. Жобаны «АТФБанк» АҚ «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша жылдық 14%-бен мақұлдады, оның 8 пайыздық бөлігін мемлекет субсидиялайды.

Бұдан кейін журналистер қауымы «Шымкай» ЖШС – жиһаз өндіруші фабрикасының жұмысымен етене танысты. Компания 2006 жылдың көктемінде ашылды. Фабриканың негізгі қызметі түрік жиһаздарын сату болып табылады және 2017 жылы компания жиһаз шығаратын фабриканың құрылысын бастады. 2020 жылы құрал-жабдықты сатып алу және айналым қаражатын толықтыру үшін «Халық Банкі» АҚ жобаны 14% мақұлдап, оның 8%-ын «Даму» қоры субсидиялайтын болды. Сондай-ақ қор кепілдің жетіспейтін бөлігіне кепілдік берді.

Ең соңында БАҚ өкілдері «Shuğylakitap» ЖШС – кітап шығаратын баспаханада болды. Компания 2003 жылы құрылды. Құрылған кезінен бастап мектепке дейінгі кітаптарды шығарумен айналысады. Компания жазушылардың жазған кітаптарына авторлық құқықты алады және типографияда баспадан шығаруға тапсырыс береді. 2020 жылы айналым қаражатын толықтыру үшін жоба «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасының екінші бағыты аясында мақұлданды. Несиені «Bank RBK» АҚ жылдық 14% -бен мақұлдады, мұнда мемлекет субсидиялайтын бөлігі 8%-ды құрады.

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ

WORLD BANK GROUP

Індет сауатсыздыққа мәжбүрлеуде

Қазақстанның білім беру жүйесі сын-қатерлермен індет басталмай тұрып-ақ ұшырасқан болатын. Қазақстанда COVID-19 белең алғанға дейін де 10 оқушының 6-ы функционалды сауатсыз болған – бұл табыс деңгейі ортадан жоғары елдегі жағдай. Мұнда орташа статистикалық бала мектепте 13,7 жыл білім алады екен. Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы тұрақты өкілі Жан-Франсуа Марто беделді қаржы құрылымы блогындағы жарияланымында осылай деп жазды.

Оның айтуынша, індет функционалдық сауатсыздыққа тағы 100 000-нан астам оқушыны ұрындыру қаупін тудырып тұр дейді.

Функционалды сауаттылық дегеніміз – сол «әдеттегі» түсінігіміздегі сауаттылық емес. Сауатты оқушы әлемнің көптеген астаналарын есте сақтап, Менделеевтің периодты кестесін жаттап алуы әбден мүмкін. Алайда, олар математика, жаратылыстану ғылымдары және әдебиетті оқу бойынша алған білімдерін кәсіби деңгейде жұмыс істеуіне және жеке тұлға мен азамат болып табысқа жетуіне мүмкіндік беретіндей, күнделікті өмірінде кеңінен пайдалана алмайды екен.

Бұл жарияланымда автор Дүниежүзілік банк зерттеулерінің қорытындыларына да жүгініп отыр.

ADB
ASIAN DEVELOPMENT BANK

АДБ Қазақстан қор биржасына еурооблигациялар жайғастырған

Азия даму банкі (АДБ) Қазақстан қор биржасына (KASE) жасыл еврокүнді қағаздарын жайғастырып, 14 млрд теңгеге (32 млн АҚШ доллары) жуық қаржы тартып отыр. Бұл туралы банктің Баспасөз қызметі хабарлайды.

Екіжылдық облигациялар (10,09 млрд теңгеге XS2251962903 шығарылым және 3,87 млрд теңгеге XS2251962499 шығарылым) бойынша жартыжылдық купондар, тиісінше, 10,10% және 10,12% мөлшерлемемен төленетін болады.

Tengri Partners компаниясы теңгелік еврооблигациялардың сатушысы болып табылды. АДБ-дан хабарлағандай, құнды қағаздарды банктер мен институционалды инвесторлар сатып алған.

Бұл жасыл бондтардың KASE-де бірінші шығарылуы, ал Қазақстандағы – екіншісі. Биылғы тамызда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры Қазақстан қор биржасының AIX платформасында 200 млн теңгеге жасыл купондық облигацияларын шығарған болатын.

trend news agency

Шекара маңайы аудандарында кәсіпкерлік дамуда

Қазақстанның шекара маңайларындағы аудандарында «Жұмыспен қамту жол картасы» (ЖҚЖК) бағдарламасы аясында 107,7 млрд теңге сомасындағы 1,7 мыңдай жоба (немесе ЖҚЖК бойынша жобалардың жалпы санының 25%-ы) іске асырылуда. Соның нәтижесінде 31 мыңға жуық жұмыс орны құрылды, деп хабарлайды Trend.az сайты.

Жобалардың көпшілігі шекараға жақын орналасқан Жамбыл (457 жоба), Шығыс Қазақстан (384 жоба), Алматы (314 жоба) және Солтүстік Қазақстан (140 жоба) облыстарында жүзеге асырылып жатыр екен.

Қазіргі уақытта 2017-2021 жылдарға арналған өңімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікке бағытталған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы да жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарлама аясында ерікті түрде көшіп-қону механизмі қарастырылған. Мәселен, жыл басынан бері еңбек қолы артылып жатқан аймақтардан жұмыс күші аса қат шекаралық аудандарға құрамында 1665 адамы бар 451 отбасы қоныс аударған, деп жазады Тренд агенттігі.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

НАРЫҚ

COVID-19 ЖАҢА ТОЛҚЫНЫ ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯ

Қазан айында инфляциялық күтулер нақты инфляцияның деңгейінен асып, 7,3%-ға дейін өсті (2020 жылғы қыркүйек – 6,5%).

Инфляциялық күтулердің динамикасы инфляцияны 4-6% мақсатында әлсіз бекітуімен байланысты тәуекелдерді растайды және экономикадағы белгісіздіктің жоғарылауын көрсетеді, деп хабарлайды бас банктің баспасөз қызметі. Қазан айындағы сауалнаманың қорытындысы бойынша келесі 12 ай ішінде бағалардың ағымдағы өсу қарқынының сақталуын және жылдам өсуін күтетін респонденттердің үлесі 51%-ға дейін өсті (қыркүйекте – 49%).

Сонымен қатар, тауарлар мен қызметтер бағасының болашақ динамикасын бағалаудағы белгісіздік деңгейі сауалнаманың өткізу тарихында ең жоғары мәнге жетті. Осылайша, респонденттердің 29% өз күтулерін бағалауға қиналды. Әлемдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы, Қазақстанда коронавирустық инфекцияның таралуының жаңа толқынының күтілуі және ел өңірлерінде карантиндік шаралардың күшеюі аясында белгісіздіктің өсуі байқалды.

Биыл қазанда соңғы 12 айдағы материалдық жағдайды теріс бағалау үлесі төмендегені байқалды. Респонденттердің көпшілігі соңғы жылдағы материалдық жағдайының өзгермегендігін атап өткен. Болашақ қаржылық жағдай бойынша оң күтулер басым. Қазан айында жинақтары бар респонденттердің үлесі өзгеріссіз қалды. Жинақтардың басым бөлігі банктік депозит түрінде сақталады.

Есепті айда экономиканың дамуы бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді күтулер іс жүзінде өзгерген жоқ.

АХҚО

КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

АХҚО-ның Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті (АФСА) мен Кипрдің бағалы қағаздар және биржалар бойынша комиссиясы (CySEC) арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

АФСА мен CySEC капитал нарықтары саласындағы ынтымақтастықты жандандыру мақсатында Өзара түсіністік туралы меморандум (MoU) және Балама инвестициялар саласында өзара түсіністік туралы меморандумға (AIFMD MoU) қол қойды.

Өзара түсіністік туралы меморандум екі қадағалаушы орган арасындағы ынтымақтастықты, атап айтқанда ақпарат пен техникалық білім алмасуды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Келісім АФСА мен CySEC үшін бағалы қағаздар нарығын реттейтін ықтимал заң бұзушылықтар бойынша тергеу жұмыстарын тиімді жүргізуге негіз болып табылады. Екі орган сәйкесінше нарықтардың тұтастығын сақтау, инвесторлардың мүдделерін қорғау және бағалы қағаздар нарығының тұрақты дамуына ықпал ету үшін тығыз жұмыс істейтін болады.

Балама инвестициялар саласында өзара түсіністік туралы меморандум ынтымақтастық пен инвестициялық қорлар менеджерлерінің трансшекаралық бақылауын күшейтеді. Еуроодақтан (ЕО) тыс қор менеджерлері мен ЕО қаржы менеджерлері делегациясы арқылы Еуроодақ елдері нарықтарына немесе қорларды басқаруға қол жеткізе алады.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС ТӨЛЕМДЕРДЕН БОСАТЫЛДЫ

Шағын және орта бизнес нысандары жыл соңына дейін медициналық сақтандыру жарнасынан босатылды.

Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қалалық филиалының баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысының 14-қыркүйектегі №413 Жарлығы бойынша экономиканың пандемиядан мейлінше зардап шеккен салаларындағы шағын және орта бизнес нысандары бюджеттен тыс қорларға төленетін төлемдерден босатылған. Бизнес субъектілеріне бұған дейін де биыл сәуір мен қазан айлары аралығында алты айлық жеңілдіктер берілген болатын. «Салықтар мен әлеуметтік төлемдерді төлеу міндетінен босатылған шағын және орта бизнес нысандарының тізімі көктемде жасалған болатын. Олардың қатарында сауда-саттық, көлік және техникалық қызмет көрсету, білім, медицина, туризм, мейрамханаконак үй бизнесі, ойын-сауық, бағдарламалық қамсыздандыру нысандары, фитнес клубтары және т.б. бар. Енді бизнесті қолдау мақсатында жеңілдік мерзімі жыл соңына дейін ұзартылып отыр», – деді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

Төлемдерден босатылған жұмыс берушілер қарамағындағы қызметкерлерін сақтандырумен қамтамасыз етуді естен шығармағаны жөн. Қызметкерлер МӘМС пакетіне енетін медициналық қызмет түрлерін кедергісіз алуы үшін олардың тізімін Қордың ақпараттық жүйесіне енгізіп, уақтылы жаңартып отыруы тиіс, делінген МСҚ Алматы филиалы баспасөз қызметінің хабарламасында.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

КЕПІЛДІК: ДЕПОЗИТ

Сыйақы мөлшерлемелері өзгеріссіз қалды

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры негізгі депозиттер бойынша ұсынылатын ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін өзгеріссіз қалдырды.

ЕРНАР ОРМАНОВ

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры тенгелік депозиттер бойынша биылғы жылдың желтоқсан айына ұсынылатын ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін бекітті.

Ұлттық банк базалық мөлшерлеменің мәнін бекіту аясында 26 қазанда оны өзгеріссіз қалдыру туралы шешім қабылдаған болатын. Осының нәтижесінде депозиттер бойынша мөлшерлемелердің көпшілігі өзгертілген жоқ.

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры ұсынатын ең жоғары сыйақы мөлшерлемелері 24 айлық мерзімді депозиттердің толықтыруға болатын түрі бойынша – 9,1 пайызды, ал толықтыруға болмайтын түрі бойынша – 9,4 пайызды құрады. Депозиттердің осы түрі салымшылар арасында онша танымал емес. Оның үстіне басқа мерзімдерге арналған мерзімді салымдармен салыстырғанда айырмашылығы аз. Осыған байланысты банктер оларға қатысты пайыздарды біртіндеп төмендетуде.

Бұл ретте депозиттердің аталған түрі бойынша салымшыларға ақша алуға қатысты айтарлықтай шектеу қойылмайды. Сондықтан банктер бұл депозиттер бойынша мерзімділігі үшін сыйлықақы есептемейді.

Депозиттердің санаты	Толықтырылатын депозиттер бойынша, %		Толықтырылмайтын депозиттер бойынша, %	
	2020 Қараша	2020 Желтоқсан	2020 Қараша	2020 Желтоқсан
Мерзімсіз депозиттер	9,0	9,0	9,0	9,0
Мерзімді депозиттер				
3 ай	9,0	9,0	9,5	9,5
6 ай	9,0	9,0	9,5	9,5
12 ай	10,3	10,3	10,7	10,7
24 ай	9,2	9,1▼	9,5	9,4▼

Депозиттердің санаты	Толықтырылатын депозиттер бойынша, %		Толықтырылмайтын депозиттер бойынша, %	
	2020 Қараша	2020 Желтоқсан	2020 Қараша	2020 Желтоқсан
Жинақ депозиттер				
3 ай	10,0	10,0	10,5	10,5
6 ай	10,0	10,0	10,5	10,5
12 ай	12,3	12,3	14,0	14,0
24 ай	11,7	11,7	13,2	13,2

БОЛЖАМ – 2021

Келер жылдан не күтеміз?

Биылғы жылдың аяқталуы жақындаған сайын әр салада атқарылған іске баға беріліп, алда атқарылар жұмыс бағдары болжануы заңды құбылыс. Осы ретте халықаралық рейтингтік, қаржылық институттар мен сарапшылар да қарап қалмай, өз ой-пікірлерін білдіріп жатыр. Атап айтқанда, «Ренессанс Капитал» инвестициялық компаниясы өткен аптада бес күн (9-13 қараша) қатарынан 2021 жылғы дамушы және шектес нарықтардың келешегіне арналған онлайн-конференция өткізді.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Аталмыш шараға «Ренессанс Капитал» инвестициялық компаниясы (ИК) қатысы бар түйінді нарықтардың өкілдері – Ресей, ТМД елдері, Орталық және Шығыс Еуропа, Солтүстік Африка және Сахараның оңтүстігіндегі Африка елдерінің 70-тен астам компаниясы, сондай-ақ активтерінің жалпы көлемі басқаруында 25 триллион АҚШ долларынан асып түсетін 130-дан аса инвестициялық қорлар өкілдері де қатысты.

Конференция барысында «Ренессанс Капитал» ИК Ресей мен ТМД бойынша экономисі Софья Донец құрамына Ресей, Қазақстан, Украина және Грузия кіретін ТМД+ аймағы елдеріндегі макроэкономикалық жағдайға талдау жасады.

Сарапшының пікірінше, ТМД+ аймағы акциялар мен басқа да құнды қағаздарға инвестициялар салуға көзқарас тұрғысынан келешегі әбден онды өнір болып көрінеді. Аймақ елдері коронавирус індетіне байланысты дағдарысты кәдімгідей жақсы өткере алуда. Бұл елдердегі ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) қысқаруы орташа әлемдік мәндерден төменірек. Қазыналық тапшылық та басқа дамушы нарық елдеріне қарағанда біршама төмен деңгейде. Сондай-ақ ұлттық валюталарға шектеулі қысым байқалады, құнсыздану мен экономикаларды долларландырудың серпілу деңгейі де тіпті күткендегіден айтарлықтай ауыр болған жоқ екен.

– Айта кету керек, аймақ елдері 2020 жылы бірқатар сыртқы және ішкі саяси факторлар әсерінде болды: Ресейге қарсы бағытталған санкциялар, Беларусьте, Грузия мен Молдовада өткен сайлаулар, Таулы Карабақта тұтанған толық ұғымдағы әскери кикілжіңге байланысты қалыптасқан жоғары шиеленіс. Бұл ретте 2020-2021 жылдары біз бұл елдерде, бірінші кезекте, тауарлар мен қызметтерді тұтыну деңгейін арттыруға бағытталған, шекараларды ашу және экономикаларды ынталандырумен байланысты ІЖӨ-нің қалпына келуі мен өсуін болжап отырмыз, – деп әңгімелейді Софья Донец.

Келелі конференция спикері Ресейге макроэкономикалық шолуын бастай келе, экономикалардың тезірек қалпына келуіне көмегі тиер коронавирусқа ресейлік вакцинаны жасаудың аймақ үшін маңыздылығын атап көрсетті.

– Ресейде екі вакцина: Sputnik V (тамызда) және Epivaccorone (қазанда) казір тіркеліп те қойған. Таяу уақытта олардың жаппай өндіріске жіберілуі күтілуде. 40 мың ерікті қазірдің өзінде сынақ кезеңінде вакцинаны қабылдаған, мен солардың ішінде болғанмын, өзіме жеке таныс бірнеше адамды да білемін. Өндірушілер жыл аяғына дейін вакцинаның 5-6 мың дозасын шығаруға дайын екеніне сендіруде. 2021 жылдың көктеміне өндірушілер ай сайын 15 миллион дозаға дейін шығаруға даяр болады деп күтілуде. 2021 жылдың бірінші тоқсанына Ресей бұл өнімін тіпті экспортқа шығарады деп жоспарланып отыр. 27 ел, ең алдымен, осы аймақтағылар – ықтимал импортерлер. Мәселен, Өзбекстан ресейлік вакцинаның 30 млн дозасын жеткізу келісіміне қол қойған. Үндістанның да ресейлік вакцинаның 100 млн дозасын жеткізуге келісім-шартқа қол қоятыны күтілуде, – деп толықтырады экономист.

«Ренессанс Капиталдың» болжамы бойынша, 2020 жылы Ресей ІЖӨ төмендеуі жылдан жылға дейінгі аралықта -3,3% аумағында болса; 2021 жылғы ІЖӨ өсімі 3,8%-ға жетуі тиіс; ал 2022 жылы – 2,2%. Ресей экономикасы көлемінің қысқаруы бұрынғы болжамдардан төменірек қалыптасуда және жалпы алғанда басқа да мұнай экспортер елдер аясында әжептәуір жақсы көрінеді. Мысалы, Сауд Арабиясының ІЖӨ-і 2020 жылы 5,4%-ға қысқарса, Канадада – 7,1%, Оманда – 10% қысқарады екен. Бұл ретте Әзербайжанда экономика 3,5%-ға, ал Норвегияда – 2,8%-ға төмендейді. Мұнай өндіруші елдер тізіміндегі Қазақстанда да ІЖӨ көлемі бар-жоғы 2,2%-ға қысқарады.

Спикердің қорытындыларына сәйкес, рубль өз ауқымы шамасына 5%-дай жете бағаланбаған. Ресей валютасы бағамына, әрине, мұнай бағасы мен санкциялар айтарлықтай дәрежеде әсерін тигізеді. Әйтсе де, 2021 жылдың бас кезінде доллар бағамы бір АҚШ валютасына 73-74 рубль деңгейінде, 2021 жылдың соңында – бір долларға 76 рубль аумағында болады деп болжануда.

– Ресей Федерациясының мемлекеттік қарызы ТМД+ аймағындағы ең төменгі деңгейінде қалып отыр. Бюджет тапшылығы баржоғы 4% құрайды, бұл БРИКС (Бразилия, Ресей, Индия, Қытай мен ОАР) елдерінен орташа алғанда үш есе төмен. Ағымдағы кезеңде Ресейдің Ұлттық әл-ауқат қорында ІЖӨ көлемінен 12%-дай жинақталған, бұл Ресейге егер мұнай бағасы бір баррельге 30 АҚШ доллары деңгейінде болса, бюджет тендестіруін 10 жыл бойы қалыпты жүргізуге мүмкіндік береді. Алтын-валюталық резерві 500 млрд долларға жетеді. Ресейдің қаржы-бюджеттік ұстанымы жоғары деңгейде қалып отыр, – деп сендіреді Софья Донец.

Қазақстан тақырыбын да қозғаған сарапшы «күшті әрі іргелі көрсеткіштері мен қомақты жинақталған резервтері барын ескере келе айтқанда, макроэкономикалық көзқарас тұрғысынан, бұл – ТМД+ аймағындағы ең қызықты тарихи экономикалық көрсеткіш», деп атап өтті. сондай-ақ С.Донец 2019 жылы Қазақстанның саяси өмірінде айтарлықтай өзгерістер (Қасым-Жомарт Тоқаевтың президент болып сайлануы) болғанын және олардың біршама қалыпты жағдайда өрбіп, күрделі тәуекелдер орын алмағанын атап өтті.

– Мұнай бағасы экономика үшін, әсіресе Қазақстанның валютасы үшін маңызды фактор болып табылады. 2021 жылы бір барреліне 50 АҚШ доллары аумағында болатын мұнай бағасы негізделген базалық сценарий жағдайы, біздің есептеуімізше, теңгенің нығаюына үміт артады, бүгінде ол долларға қатысты әділ құны деңгейіне таяды. Ұлттық қорда жинақталған резервтердің, ІЖӨ-нің 35%-дай деңгейіне жеткен, айтарлықтай көлемін атап айтқан жөн, – деді сарапшы-экономист.

Болжам бойынша, биылғы жылы ІЖӨ көлемі 2,2%-ға қысқарады, ал инфляция 7% деңгейінде болады. 2021 жылы мұнайдың орташа жылдық бағасы барреліне 50 долларға жетеді, ал мұндай жағдайда экономика 5,1%-ға өседі, ұлттық валютаның долларға шаққандағы бағамы 414 теңге деңгейінде болады, инфляция 6,9%, ал базалық мөлшерлеме 9% деңгейінде қалады. Мұнайдың бір баррельге бағасы 40 доллар болғанда ІЖӨ көлемі 4,2%-ға өседі, доллар бағамы 430 теңге болса, инфляция – 7,1%-ға артып, ал базалық мөлшерлеме 9,5%-ға көтерілмек.

Brent маркалы мұнайдың бағасы бір барреліне 60 долларға дейін көтерілген жағдайда экономика 5,8%-ға өссе, доллар бағамы 398 теңге деңгейіне дейін төмендеп, инфляция 6,5% көрсеткішіне жетеді, ал базалық мөлшерлеме 9% ағымдық деңгейінде қалады.

Өз шолуында Софья Донец қысқаша ТМД+ аймағындағы басқа да елдер жағдайына тоқталып өтті. Ол 2021 жылы ең алдымен туризмнің өсуі арқасында шекараларды кесіп өтуге шектеу шаралары алынып тасталып, бұл кавказдық республикаларға одан әрі де өздерінің туристік әлеуеттерін дамытуына мүмкіндік береді де, Грузия экономикасы мейлінше келешегі нық болып табылады деп болжанып отырғанын айтты.

Білікті экономист Өзбекстанға бөлек тоқталды. Ол аймақта бұл елдің экономикасы ағымдағы жылы рецессияға ұшырамаған жалғыз ел екенін атап айтты. Сарапшылардың болжауынша, көршілес республиканың ІЖӨ 2020 жылы 1,5%-ға, ал 2021 жылы – 5,6%-ға өседі. Баяндамашы пікірі бойынша, Өзбекстан шетелдік инвестициялар ағыны арқасында экономикасының дамуындағы жайсыз серпіндерден арыла алды. Дегенмен, инвестициялар көлемі 2020 жылы, әрине, азайғанымен, толықтай қысқара қойған жоқ.

НЕГІЗГІ ӨСІМ

Kaz Minerals: Тоғыз айдағы толымды нәтиже

> [1]

Сонымен, ағымдағы жылдың тоғыз айында Kaz Minerals тобы 230 мың тонна мыс[1] өндірді. Соның ішінде Шығыс Қазақстандағы Ақтоғай КБК-да кенді тоқсандық өндіру ұлғая келгенімен, тоғыз ай бойынша 28,7 млн тонна өндіріліп, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 27%-ға аз болды. Негізгі себеп – жыл басында өндіріс бұрын өндірілген шикізатты қайта суландыруға шоғырланып, оксидті кен өндіру қысқарған. Сондай-ақ үшінші тоқсанда сульфидті кеннен мыс өндіру 8%-ға азайып, 26,5 мың тоннаны құрады. Бұл да өндеу көлемінің 9%-ға азаюына байланысты болып, мыстың орташа үлесінің ұлғаюымен ішінара өтелді. Техникалық қызмет көрсету мерзіміне, кендегі металдың азаюына және биылғы бірінші тоқсанда бөліп алу коэффициентінің уақытша төмен болуына байланысты өткен тоғыз айда сульфидті кеннен 82,6 мың тонна өндірілді. Бұл 2019 жылдың тоғыз айымен салыстырғанда 11%-ға аз (92,9 мың тонна). Үшінші тоқсанда оксидті кеннен 5,2 мың тонна катодты мыс өндіріліп, өткен тоқсанмен салыстырғанда 4%-ға төмендеді. Енді жыл соңына дейін Ақтоғай катодты мыс өндірісінің жоспарланған межесі – шамамен 20 мың тонна. Үшінші тоқсандағы мыс өндірісінің жалпы көлемі – 31,7 мың тонна (2020 жылдың 2-тоқсанында 34,3 мың тонна болған). Бұл көрсеткіш негізінен үшінші тоқсанда сульфидті фабрикадағы техникалық қызмет көрсетудің мерзімі мен ұзақтығына байланысты 8%-ға төмендеді. Осылайша, төртінші тоқсанда сульфидті кендегі мыстың орташа мөлшерінің төмендеуіне және коронавируска байланысты шектеулердің салдарынан бірінші жартыжылдықтан кейінге қалдырылған техникалық қызмет көрсетуге орай өндіріс көлемінің төмендеуі күтілуде. Дей тұрғанмен, Ақтоғай тоғыз айда жақсы нәтижелер көрсетті: 99,3 мың тонна мыс өндірілді. Кеніш өзінің жылдық 120-130 мың тонна межесінің жоғарғы шегіне жету жолында.

Ал Павлодар облысындағы Бозшакөл КБК-да кен өндіру үшінші тоқсанда байыту фабрикаларының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін 22%-ға, яғни, 8 млн тоннаға дейін ұлғайды. Сульфидті және каолин балшығы бар кендерді өңдейтін фабрикалар тоқсан бойы толық қуатында жұмыс істеді. Ағымдағы жылдың тоғыз айында кен өндіру 16%-ға азайып, 22,3 млн тоннаны құрады. Бұл бірінші жартыжылдықта жинақталған каолин балшығы бар кенді қайта өңдеу себебінен болды. Үшінші тоқсанда мыс[2] өндіру – 30,3 мың тонна. Жоғары өткізу қабілеті кендегі мыс үлесінің 0,49%-ға (2020 жылдың 2-тоқсаны: 0,53%) дейін төмендеуімен және бөліп алудың төмен коэффициентімен өтелді. 2020 жылдың тоғыз айында жоғары өткізу қабілетіне және кендегі мыстың орташа үлесінің жоғарылауына байланысты өндіріс 15%-ға артып, 90,7 мың тоннаға дейін жетті. (2019 жылдың 9 айы: 79,2 мың тонна). Төртінші тоқсанда байыту фабрикасының өткізу қабілеті жоспарлы техникалық қызмет көрсетуге байланысты төмендейді деп күтілуде. Дегенмен, тоғыз айдағы жақсы нәтижелерден кейін Бозшакөл мыс өндірісінің жылдық 110-120 мың тонна жоспарлы аралығына жету қаркынын сақтап отыр.



Қырғызстандағы Бозымшақ кенішінде кен өндіру үшінші тоқсанда 6%-ға, яғни, 997 мың тоннаға дейін (2020 жылдың 2-тоқсаны: 1,06 млн тонна) азайды. Ал тоғыз айда 3,06 млн тонна кен өндірілді, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 5%-ға жоғары (2019 жылдың 9 айы: 2,92 млн тонна). Шығыс өңірдегі кен өндірудің төмендеуі Бозымшақтағы жерасты өндірісіне көшуге дайындық барысындағы өндірудің ұлғаюымен өтелді. Үшінші тоқсандағы мыс өндірісі Орлов шахтасының кендеріндегі металдың орташа үлесінің жоғары болуының арқасында 14,2 мың тоннаға дейін біршама өсті. Тоғыз айда 40 мың тонна мыс өндірілді, бұл өткен жылдың осындай кезеніне сәйкес келеді (2019 жылдың 9 айы: 39,9 мың тонна). Жыл басынан қырқүйекті қоса алғандағы кезеңдегі тұрақты көрсеткіштерден кейін Шығыс өңір мен Бозымшақ мыс өндірісінің жылдық жоспарлы көрсеткіші – шамамен 50 мың тонна.

Үшінші тоқсанда алтын өндірісінің көлемі металдың елеулі үлесі мен өндеудің жоғары деңгейінің арқасында 3%-ға, яғни, 13,7 мың унцияға дейін артты. Тоғыз айда Бозымшақта 39,5 мың унция өндірілді. Ал күміс өндірісі – үшінші тоқсанда 554 мың унция, және тоғыз айда 1,58 миллион унция (2019 жылдың 9 айы: 1,51 миллион унция). Сонымен қатар үшінші тоқсанда 15,7 мың тонна концентраттағы мырыш алынып, кендегі мырыштың орташа үлесінің артуына орай бұл екінші тоқсанға қарағанда 6%-ға жоғары болды. Тоғыз айдағы өндіріс көлемі – 39,5 мың тонна, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 37%-ға артық (2019 жылдың 9 айы: 28,9 мың тонна).

Топтың өндірісіне қысқаша шолу		2020 ж 9 ай	2019 ж 9 ай	2020 ж 3 тоқ.	2020 ж 2 тоқ.	2019 ж 3 тоқ.
Мыс өндіру	**мың тонна**	**230,0**	**230,5**	**76,2**	**78,9**	**82,9**
Ақтоғай	мың тонна	99,3	111,4	31,7	34,3	37,3
Бозшакөл	мың тонна	90,7	79,2	30,3	30,6	32,1
Шығыс өңір мен Бозымшақ	мың тонна	40,0	39,9	14,2	14,0	13,5
Алтын өндіру	мың унция	160,4	146,2	50,7	54,3	58,5
Күміс өндіру	мың унция	2 642	2 496	901	948	944
Концентраттағы мырыш	мың тонна	39,5	28,9	15,7	14,8	10,5

[1] Концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілетін катодты мыс

[2] Концентраттағы ақысы төленетін металл

ӘРТАРАПТЫ ЭКОНОМИКА

Шұбаркөл белсендірілген көмір шығарады

Кәсіпорын жаңа қырынан танылуда

Елеулі қосымша құны бар өнім өндірісін іске қосу – әртараптандырылған технологиялық экономика жасау бағытындағы нақты әрекет. ERG құрамындағы «Шұбаркөл көмір» АҚ тәжірибелік-өнеркәсіптік қондырғысында іске қосу мен жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында белсендірілген көмірдің алғашқы байқау партиясы өндірілді.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Шұбаркөл көмір – еліміздегі ең ірі энергетикалық көмір өндірушілердің бірі. Онда өндірілген көмір сапалылығының арқасында экологиялық тұрғыдан таза энергия тасымалдаушыға жатады. Өнеркәсіптік алаңдағы химиялық зертханада өнімге талдау жасалып, оның сапасы жоғары екені расталды. Кәсіпорынның кокс-химиялық цехы негізінде кокс үгінділерінен тәжірибелік-өнеркәсіптік белсендірілген көмірді өндіру жобасы Қазақстанның ғалым-технологтары әзірлеген технологиямен енгізіледі. Шұбаркөл мамандары ERG ғылыми-зерттеу инжиринг орталығымен бірлесе, «АимЛаб» ЖШС мамандарының сүйемелдеуімен жүзеге асырып, іске қосу, жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан жобаның ТМД аумағында теңдесі жоқ. Қашықтықтан қосылу арқылы жабдықты жасап шыққан өндіруші-зауыттың – «Сплайн – М» ЖШҚ (Ресей Федерациясы) мамандары да жұмысқа жұмылдырылған. Нысанның өндірістік қуаты – жылына 1 мың тонна белсендірілген көмір. Басты мақсат – импортты алмастыру мәселесін шешу.

Кәсіпорын стандартын алу үшін белсендірілген көмірдің тәжірибелік ұлгілері тәуелсіз зертханаға тапсырылды. Келесі кезең – «Шұбаркөл көмір» АҚ-та белсендірілген көмірді өндіруді және өткізуді бастауға мүмкіндік беретін сапа сертификатын алу. Әзірленген жобаны сәтті пайдаға жарату кәсіпорында жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп, қазақстандық өндірушілер шығаратын өнім үлесін көбейтеді.

– Шұбаркөлдік белсендірілген көмірдің басты артықшылығы сол, шикізат ретінде арзан кокс ұнтағы және энергия тасымалдаушы ретінде қазіргі уақытта жағылатын кокс газы пайдаланылады. Сондықтан да өнімнің өзіндік құны төмен. Бұл жағдай өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату секілді өте маңызды мәселені шешуге септеседі, – дейді «Шұбаркөл көмір» АҚ операциялық тиімділік бөлімінің басшысы Александр Лапшин.

Сонымен қатар, осы технология бойынша алынған белсендірілген көмір нарықта бар өнімнен еш кем түспейді. Бірақ өзіндік құн бойынша ол негізгі бәсекелестерден 1,5 – 3 есе төмен болады.

Белсендірілген көмір гидрометаллургия, алтынды сілтілеу, кәріздік суларды тазарту, фосфат өнеркәсібі саласында кеңінен қолданылады. Бүгінгі таңда бұл өнімге сұраныс жоғары болғанына қарамастан, (жылына 7 мың тоннадан артық) барлық белсендірілген көмір Қазақстанға шетелден жеткізіліп келеді. Енді дайын өнімнің 80%-ы ішкі нарыққа жөнелтілетін болады.

Жалпы, әлемдік нарықта белсендірілген көмірдің ең ірі өндірушісі – Қытай өнім жеткізу көлемін жыл сайын ұлғайтуда. Сондай-ақ елдер арасында АҚШ осы тауар санатының жылдық көлемінің 34%-ын береді. 24% үлесімен Еуропа екінші орында тұрса, Ресей – 2%-ын өндіреді. Ал Қазақстанда тек 0,7% -ы өндіріледі.Өткен жылы Петропавлдағы «ЛесПромУголь» серіктестігі белсендірілген көмірдің алғашқы партиясын экспортқа шығарған.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯ ҰЛҒАЙДЫ

Ауыл шаруашылығында негізгі капиталға салынған инвестиция өткен он айда 7,5%-ға ұлғайды.

Бұл туралы өткен он айдағы ауыл шаруашылығының даму барысы қаралған үкімет отырысында салалық ведомство басшысы Сапархан Омаров айтты. Есепті мерзімде жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 5,2%-ға ұлғайып, 5,4 трлн теңгені құраған. Бұл негізінен өсімдік шаруашылығындағы өндіріс көлемінің 7,1%-ға ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді. Өңірлер бөлінісінде 3 облыста республикалық деңгейден жоғары қарқын байқалды: Қостанай облысында – 121,3%, Ақмола облысында – 114,1% және Павлодар облысында – 105,5%. «Мал шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі көрсетілген кезеңде 2,7%-ға ұлғайып, 2,1 трлн теңгені құрады. Бұл ретте тірідей салмақтағы ет өндіру көлемі 3,7%-ға, сүт өндіру көлемі 3,1%-ға ұлғайды», – деді министр.

Аталған кезеңде тағам өнеркәсібінде өндіріс көлемі 3,4%-ға өсіп, 1,6 трлн теңгені құрады. Атап айтқанда, өңделген күріш өндіру көлемі 36,8%-ға, сары май – 17,1%-ға, шұжық өнімдері – 14,6%-ға, макарон өнімдері – 9,7%-ға, жарма – 5,6%-ға, ұн – 5,1%-ға, қышқыл сүт өнімдері – 4,5%-ға, ірімшік және сүзбе – 2,1%-ға артқаны байқалды. Саладағы негізгі капиталға салынған инвестиция 7,5%-ға ұлғайып, 412,5 млрд теңгені, тамақ өнімдері өндірісіне салынған инвестиция 20,1%-ға артып, 75,3 млрд теңгені құрады. «Жалпы, министрлік жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін барлық шараларды қабылдауда», – деді С.Омаров.

ЭКОЛОГИЯ: МЕМОРАНДУМ

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯНДЫ ӘСЕР АЗАЯДЫ

Теміртау металлургия комбинатын табиғи газға ауыстыру қоршаған ортаға зиянды әсерді едәуір азайтады.

Осы орайда Энергетика министрлігі, «ҚазТрансГаз» АҚ және «АрселорМиттал Теміртау» АҚ арасында Теміртау металлургия комбинатына тауарлық газды жеткізу жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандумның мақсаты «Сарыарқа» магистралдық газ құбырына қосу арқылы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның өндірістік қызметі үдерістеріне оң әсер беруге және қоршаған ортаның жай-күйіне ықпал етуге мүмкіндік беретін жағдай жасау болып табылады. Тараптардың ұзақ мерзімді өзара тиімді әріптестігін нығайтуға бағытталған бұл құжат ынтымақтастықтың негізгі аспектілерін анықтайды, деп хабарлайды «ҚазТрансГаз» АҚ баспасөз қызметі.

Меморандум шеңберінде «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ға жалпы жылдық көлемі 300 млн текше метрден 600 млн текше метрге дейін 15 жылдан кем емес кезеңге тауарлық газды жеткізу бойынша ынтымақтастық орнату көзделіп отыр.

Металлургиялық комбинатты табиғи газға ауыстыру және басқа да экологиялық іс-шаралар жүзеге асыру арқылы қол жеткізілетін экологиялық әсер зиянды эмиссияны жылына 6 640-тан 49 230 тоннаға дейін жоспарлы түрде азайту болып табылады. Бұл өз кезегінде аймақтағы экологиялық жағдайды айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

ӨҢІРЛІК ДАМУ

ДИҚАНДАР МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ ТАУЫП КЕЛЕДІ

Түркістан облысының Ордабасы ауданында өткен он айда 43 миллиард теңгеден астам соманың ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілді.

Өнім көлемі былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 5 млрд 371 мың теңгеге артты. Биыл он ай ішінде ауданның ауыл шаруашылығына 5 миллиард теңгеден астам инвестиция салынған. Бұл өткен жылға қарағанда 1,6 есеге көп, деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Ауданда егістік жерлерді тиімді пайдалану мақсатында екі өнім алу жобасымен 90 шаруашылық айналысуда. 83 шаруашылықтың 169 гектардан алған алғашқы өнімі 4031,2 тоннаны құраған. Дикандар 126,8 гектардан екінші рет өнім жинап, қамбаларын 1 658,9 тонна өніммен толықтырған. Шаруашылықтарда кеңінен қолданыс тапқан тамшылатып суару әдісі 628 га жерге енгізіліп, жоспар 104% орындалды. Аудан халқын жеміс-жидекпен толық қамту мақсатында жалпы 319 га жерге көпжылдық қарқынды екпелер орналастырылған. Ерекше кәсіпті игерген «BS-Agro Product» ЖШС инновацияны қолдану арқылы 60 гектарға суғарусыз әдісімен «Citrullus Lanatus (Malali)» құрылпы қарбыз көшетін отырғызып, 6,6 тонна қарбыз дәнін жинап алды. Дәл осы тәсілмен егілген қарбыздың дәні шетелдік косметология саласында үлкен сұранысқа ие болып отыр. Серіктестік жиналған өнімді Израиль мемлекетіне экспорттауды жоспарлаған.

Дикандар мемлекет тарапынан барынша қолдау тауып келеді. Көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізу үшін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жеңілдетілген бағамен 6 110 тонна жанармай бөлініп, топырақ құнарлылығын және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен сапасын арттыру үшін 4 200 тонна минералды тыңайтқыш берілді.

Қазір ауданда көкөніс пен астық сақтауға арналған жалпы сыйымдылығы 38 мың тоннадан асатын 16 қойма бар. Жыл соңына дейін Бадам ауылдық округінде қосымша заманауи қойманы іске қосу көзделіп отыр.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры
e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Қазақстан аграрлық азық-түлік хабына айнала алады

Ел экономикасын өгіздей өрге сүйреп келген көмірсутекті шикізаттар бәсі бүгінде біртіндеп түсе бастады. Азуын айға білеп, мәселенің майын ішкен ғалымзерттеуші, маман атаулының қазір «қара алтынның» орнын басар балама ресурстарды түгендеп, түстеп тануға жаппай кіріскен жайы бар. Әдетте мұндайда мысмырыш, көмір мен темір, уран сынды қоры мол қазба байлықтар ауызға адымен ілінгенімен, әлемдегі іскерлік белсенділік бәсең тартқан ағымдағы ахуалда аграрлық секторға назар көбірек аударыла бастағанын байқайтын болдық. Төрт түлігін өсіріп, алтын дәнін қамбаға құйып алған шаруакөр жұртқа ел ертеңін тапсырғанды жөн көретін қаламгерлер болса «ауыл асырайтынына» көміл иланып отыр.

Айтқандай-ақ, қазақ ауылы республика халқын ғана емес, сондай-ақ қиыр қонған қонсыларды да ашқұрсақ қалдырмайтынын наурыз, сәуір менен соңғы екі ай айқын айғақтап берді. Бұрындары қай жерде де алдыдан шығатын Польша алмасына, Израиль картобына, Аргентина етіне тап қалатын едік. Ел шетіне пандемия тигенде өзге салалардың қарқыны қайтқанымен, ауыл шаруашылығы жүрісінен жаңылмады. Соңғы деректерге көз жібере отырып, локдауға және оған байланысты шектеулерге де қарамастан Қазақстан көрші елдерге азық-түлік жеткізуді жалғастырғанын көреміз. Осы жылдың 8 айында Шанхай ынтымақтастығы ұйымы елдеріне 1,3 млрд доллардың азық-түлігі жөнелтілген, бұдан басқа Орталық Азия елдеріне гуманитарлық көмек ретінде 10 мың тоннадан астам ұн жіберілген. ФАО мәліметтері бойынша өткен жылы бидай мен ұн экспорты есебінен Қазақстан «45 миллионнан астам жер тұрғындарын тамақтандырғанын» айта кету керек. Елдің астық пен ұнды сату мәселелеріндегі экспорттық стратегиясы коронавирус пандемиясына қарамастан өзгерістерге ұшыраған жоқ. Пандемия жағдайында көптеген елдер оқшауланып, азық-түлік өнімдерінің халықаралық саудасын тоқтатқан кезде үкімет ауыл шаруашылығы саласын жаһандық дағдарыстың ықпалынан сақтап, ішкі және сыртқы нарықтарға азық-түлік жеткізу мәселелерін тұрақтандыруға қол жеткізгенін бұрындары атап өткен болатынбыз. Ішкі және өңірлік азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бүгінгі таңда өндірісті ұлғайтуға, өнім сақтау мүмкіндігін кеңейтуге, сондай-ақ ауыл шаруашылығы экспортын арттыруға мүмкіндік беретін ұлттық тауар өткізу жүйесін жақсарту шаралары қолға алынып жатыр. Сандық көрсеткіштер ғана емес, сонымен қатар өнім сапасы да маңызды болмақ. Көрші елдердегі сұраныстың өсуі азық-түлік өндірісінің ұлғаюына ықпал етпек. Органикалық ауыл шаруашылығын дамыту үшін кең мүмкіндік бар. Еуропалық комиссияның ресми мәліметтері бойынша Қазақстан Еуроодаққа органикалық азық-түлік өнімдерін жеткізетін 123 елдің ішінде 9-шы орында. Ал бидай мен майлы зығыр тұқымдарын сату бойынша еліміз абсолюттік көшбасшылар қатарына кіреді. Осы артықшылықтарды және тиімді географиялық орналасуымызды белсенді түрде пайдаланып, Қытай, Еуропа мен Орталық Азияның аса маңызды сауда нарықтарына ену міндеті тұр. Агрокешен әлеуетін жаңа технологиялармен ұтымды ұштастырғанда еліміз халықаралық аграрлық азық-түлік хабына айнала алады.

Статистикалық деректер дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар өндірісінің болжамды көлемі елдің ішкі қажеттіліктерін толықтай қамтамасыз етуге және экспортқа да шығаруға мүмкіндік беретінін айғақтап отыр. Астық сақтаудың жалпы сыйымдылығы 28,8 млн тоннаны құрайды, оның 12,1 млн тоннасы – астық қабылдау кәсіпорындарында, 16,7 млн тоннасы – ауыл шаруашылығы өндірушілерінде. Жаңа өнімнен лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына барлығы 3 млн тонна астық түсті, бұл өткен жылғы осындай мерзімде астық қабылдау кәсіпорындарына сақтауға келіп түскен астық көлемінен 2,1 есе көп. Биыл астықтың сапасы жоғары. Мәселен, лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарына тапсырылған жалпы бидай көлемінің 83,8 пайызы 1-3-ші сыныптарға жатқызылған. Сапалы өнімнің алынуы мемлекеттің өсімдік шаруашылығына қолдау көрсету жөніндегі мақсатты саясатының арқасында мүмкін болды. Ағымдағы жылы тұқым шаруашылығын субсидиялау көлемі 49 пайызға ұлғайды. Жаңа маусымда отандық бидай мен ұнның негізгі экспорты дәстүрлі түрде Орта Азия елдері мен Ауғанстан нарығына жолданып жатыр. Астық сапасы жоғары болғандықтан Қытайға бидай жөнелтілімі артуы мүмкін. Жалпы, еліміз астық пен ұн экспорты бойынша жоғары көрсеткіштерге жетіп отыр. Мәселен, ағымдағы жылдың қазан айында Қазақстан шетелге 862 мың тоннаға жуық астық пен ұн, атап айтқанда 617 мың тонна бидай, 235 мың тонна астық эквивалентіндегі 164 мың тонна бидай ұнын және 9,7 мың тонна арпа саудалаған. Бидай мен ұнның басым бөлігін – 327,6 мың тонна астықты Өзбекстан, 230,3 мың тоннаны Ауғанстан және 150,5 мың тоннаны Тәжікстан сатып алды. Арпаның барлық көлемі дәстүрлі түрде Иранға экспортталды.

Жаздың қамын қыста ойлайтын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің өтініштері бойынша Азық-түлік келісімшарт корпорациясы ауыл шаруашылығы өнімдерін форвардтық сатып алуға республикалық бюджеттен 24,5 млрд теңге бөліп отыр. Бүгінде 516 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға келісімшарт жасалды. Нарықта қалыптасқан жағдайды ескере отырып, корпорация бидайдың сатып алу бағаларын сапасына қарай 83-87 мың теңге дәлізінде, 4-ші сыныпты бидайға 78 мың теңге, 2-ші сыныпты арпаға 50 мың теңге деңгейінде белгілеуді ұсынып отыр. Ал, форвардтық мәміле бойынша құнбағыс пен қарақұмықтың сатып алу бағалары егін орағы науқаны барысында белгілі болады.

ИНТЕРНЕТ-БАНКИНГ

Төлем карточкасымен төлемдер өскен

2020 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында қазақстандықтар 23 трлн теңгеге 2 миллиардқа жуық қолма-қол ақшасыз операциялар жүргізді. Бұл өткен жылдың осы кезеңіне қарағанда, 2,6 есе артық.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Сәуір айында ТЖ байланысты бірқатар бизнес субъектілері жұмыстарын уақытша тоқтатқандықтан, қолма-қол ақшасыз операциялар біршама азайды. Бірақ мамыр айынан бастап операциялардың көлемі орташа есеппен ай сайын 12%-ға өсіп отырды. Қолма-қол ақшаны шешу операциялары керісінше азайып, карточкалармен жүргізілген операциялардың үштен бір бөлігінен аспады *(1-инфографика)*.

1-инфографика

Қазірдің өзінде интернет-банкинг пен банктердің мобильді қосымшаларында жүргізілген операциялардың, яғни онлайн-операциялардың үлесі ұлғайып келеді. Егер 2019 жылдың 9 айында онлайн-операциялар үлесі 67% болса, биыл – 81%. Орташа есеппен алғанда, 9 айда онлайн түрде төлем карточкаларымен 68 миллиард теңгеден аса қаржыға 4 миллион транзакция өткізілген.

Жыл басынан-ақ мобильді банкинг аудиториясы тым белсенді болды. Қаңтар айында интернет-банкингті белсенді қолданатындардың саны 8 миллион болса, қыркүйек айында ол 12 миллионға жетті.

2-инфографика



Жиі қолданылатын төлем карточкаларының саны – 25миллион. Бұл карточканың барлығын иелері қыркүйек айында онлайн-төлем жүргізіп қана қоймай, қолма-қол ақшаны шешу үшін де қолданды. Биылғы 9 айда қазақстандық банктер 12 миллион төлем карточкасын шығарды *(2-инфографика)*.

3-инфографика

Елімізде екпінді түрде қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көшуде: ақшасыз карточкамен төлем көлемі жыл басынан бері екі есеге жуық өскен. Аймақтарға бөліп қарастырар болсақ, ақшасыз есептесулердің – Алматы қаласы мен РФ-пен шекаралас аймақтардың (СҚО, ШҚО) сызбада екі қарама-қарсы жақта – тең емес күйде орналасуымен ерекшеленеді. Бұл туралы Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы (ҚҚҚ) Талдау орталығы статистикалық шолуында жарияланған.

Айналыстағы дебиттік картаның саны кредиттік карта санынан төрт есе артық екен. Бұл ретте екі көрсеткіш те жыл басынан бері айтарлықтай, тиісінше – 8,4 млн және 3,5 млн бірлікке – өсімді көрсетіп отыр.

Ақшасыз төлемдер бойынша «орташа чек» 12,4 мың теңгені құрайды, сонымен бірге банкоматтан алу сомасының орташа көлемі – 61,6 мың теңге.

Барлық қолма-қол ақшасыз төлемдердің 81%-ы интернеттегі төлемге тиесілі (жыл басында 73% болған) екен *(3-инфографика)*.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

6-13 қараша аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 13 қарашада теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,4%-ға (432,43-тен) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 430,52 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 6-13 қараша аралығындағы кезеңде коронавирусқа қарсы әзірленген вакцинаның 90% тиімділігі туралы хабарламалар мен АҚШ-тағы президенттік сайлауда Джо Байденнің жеңісі аясында дамушы нарықтардың көптеген валюталарының нығайғаны байқалды. Сонымен қатар, АҚШ пен Еуропада коронавирус жағдайларының саны рекордтық деңгейде қалып отыр. АҚШ-тағы сайлау дауыстарын есептеудегі мәселелер туралы хабарлама пайда болды, ол инвесторлардың оптимизмін біраз бәсеңдетеді. Д.Трамп қарулы күштерге жататын ҚХР компаниясына инвестицияларға тиым салу туралы жарлыққа қол қойды.

Дамушы елдер валюталарының** АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:

• Түрік лирасы шетелдік инвесторлардың лирада қаржыландыруға қол жеткізуін оңайлату аясында 10,1%-ға (8,52-ден 7,66-ға дейін) нығайды. Жаңа қаржы министрі нарыққа қолайлы реформалар енгізуге және бюджеттік қағидаларды сақтауға уәде берді;

• Мексика песосы күтпеген жерден мөлшерлемелердің бұрынғы 4,25% деңгейінде сақталуы (талдаушылар 25 б.т. төмендеуін күткен) аясында 0,9%-ға (20,6-дан 20,41-ге дейін) нығайды. ОБ үш ай бойы инфляция бойынша таргет бағасының өсуінің артуынан ақша-кредит саясатын жеңілдету циклін кідіртті;

• Оңтүстік Америка ранды АҚШ-тағы президенттік сайлауда Джо Байденнің жеңісінен кейін және борыш нарығына капиталдың ағылуынан кейін тәуекел дәрежесінің жақсаруы аясында 0,6%-ға (15,6-дан 15,51-ге дейін) нығайды;

• Индонезия рупиясы капиталдың қор нарығына ағылуы аясында 0,3%-ға (14 210-нан 14 170-ке дейін) нығайды;

• Ресей рублі мұнай бағасын белгілеудің өсуі аясында 0,3%-ға (77,45-тен 77,21-ге дейін) нығайды;

• Үнді рупиясы соңғы 6 жылда инфляцияның барынша жоғары қаркынға – 7,6%-ға ж/ж дейін жылдамдауы аясында 0,5%-ға (74,2-ден 74,6-ға дейін) әлсіреді;

• Бразилия реалы елдің ірі қалаларында коронавирустың екінші толқынының күшеюі аясында 1,5%-ға (5,38-ден 5,46-ға дейін) әлсіреді.





** шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дерекқездердің негізінде апта сайын дайындайды;*

*** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Суретте: Ахмет Ярлыкапов

«Екі туысқан Орда»: ноғайлар мен қазақтар

Сонымен айналып келгенде, қыпшақтардың (половецтердің) казіргі ұрпағы – қазақтар мен ноғайлар. Олар – бір халық. Ноғай фольклоры толығымен қазақ ауыз әдебиетінің құрамына кіреді. Демек, ноғай – қазақтың құрамдас бөлігі.

Солтүстік Кавказда олардың қалдырған іздері жағалай сайрап жатыр. Тек «Қойсу» деген атауы бар бірнеше өзен бар. Ондай атауды қазақ пен ноғайдан басқа кім беруі мүмкін?! Қарашай мен балқар халықтарын осетин тайпаларынан бөлініп шығып, ноғай-қазақ тілін қабылдаған таулықтар деуге рет бар сияқты. Балқарлар өздерін «таулы» деп атайды. Қазірдің өзінде қарашай-балқар тілі қазақ тіліне өзбек, татар тілдерінен, тіпті кейінгі 100-150 жыл ішінде мықтап татарланған башқұрт тілінен де жақын. Ал сол башқұрт халқының өзінің бірталай бөлігін қазақ-ноғайдың Жетіру – Жетісан (Едисан) тайпасына кіретін табын руы құрайды.

Башқұртстанның орыс-казактарының өзі өздерін «**Табынские казаки**» деп атайды. Осыдан біраз жыл бұрын олар Алла Пугачева мен Филлип Киркоровқа «**Икона Табынской божьей матери**» дегенді сыйға тартты...

Осетияда орыс әскімшілігі орнағанға дейін билеуші тап өкілдерін «тауби» деп атаған. Ноғай мен қазақтың атқамінері «би» болса, қарашай, балқар және осетин атқамінері «тауби» болған. Яғни осының барлығы жалпы бір түсінік ауқымына саяды. Оның үстіне ең күдіретті деген осетин қландарының фамилиялары қазақ фамилияларынан ешбір айнымаған. Мысалы: Айдаболов, Есенов...

Енді Чешенстанға қайтып оралайық. Бұл елдің топонимикасы Қазақстандікіне қарағанда әлдеқайда қазақы көрінеді. Оның ауылы – «эвл», селосы – «юрт» (жұрт), қаласы – «гіала». Орысты бізге көрші түркі халықтарының ішіндегі ең жақыны башқұрттың өзі «рус» деп атайды. Ал чешен тілінде ол қазақ пен моңғол тіліндегі сияқты «оьрси» деп аталады. Ал мынадай атаулардың қазақша атаудан қандай айырмашылығы бар: Қарғалинская, Кошкельды, Майртуп, Карабулак, Бердакиел(Бардакел)?!

Бірақ біз үшін ең бастысы: чешен халқының тарихи санасы «қазақ» деген атаудың табиғи иегері «қазақ» па, «орыс казағы» ма деген сұрақтың жауабын сақтап қалған. Чешендер қазақты «казак» деп, ал орыс казағын «гіалаказакхи» (отырықшы казак) деп атайды. Жай «казак» болмаса, «гіалаказакхи» қайдан шығады?! Демек, чешен тілінің логикасы тұрғысынан алғанда, «казак» («қазақ») табиғи түсінік те, «гіалаказакхи» жасанды түсінік болып табылады. Бұл – бірінші ден. Екіншіден, Ресей тарихнамасының мағлұматтарына қарағанда, орыс казактары Терек өзенінің жағасын XVI ғасырдан бастап қоныстанған. Бұл рас болса, қазақтар чешендерге одан да бұрын белгілі болған.

Ал ресми тарихқа жүгінсек, чешен мен қазақ халықтары бір-бірін 1944 жылы кавказдықтар Қазақстанға жер аударылған уақытта алғаш рет көрген.

Жалпы алғанда, қай жерден ноғайдың бітіп, казақтың басталатынын айырып алу мүмкін емес қой. Мәселен, ноғайдың Алтыұл ордасынан казақтың алты ата Әлімі шықты. Ал ноғайдың Жембойлық (Джембойлук) деп аталатын руының Жем (Ембі) өзенінің бойынан шыққаны атынан-ақ көрініп тұр. Бірақ бұл ноғайлардың Еділдің арғы жағында ұмыр кешкеніне бірнеше жүз жыл толды.

Суретте: Дағыстан ноғайлары

Ноғай көп халық болған. Замандасымыз болып табылатын белгілі ноғай тарихшысы және этнографы Ахмет Ярлыкаповтың пікірі мынадай: *«Ногайцы – это тюркоязычный народ, который говорит на кыпчакском языке. Вместе с казахским и каракалпакским языками ногайский составляет ногайско-кыпчакскую подгруппу языков. Это три самых близких языка. На самом деле родственных ногайскому языку много. Если отходить от чисто лингвистического подхода, то очень большим является его значение для современного крымско-татарского литературного языка, степные крымские татары - это непосредственно ногаи, они внесли вклад в современный крымско-татарский язык… Население Ногайской Орды в период расцвета составляло больше миллиона человек»*. Осының өзінен көп нәрсені аңғаруға болады.

Жоғарыда аталған В.М.Кабузанның айтуына қарағанда, XVIII ғасыр бойы Кубань алқабында тұрақты халық ретінде 100 мың ноғай өмір сүрген 1783 жылы Қырымнан тағы да бір 100 мың ноғай көшіп келіп қосылады. Тап сол жылы Георгий трактаты деп аталатын орыс-грузин келісімшарты дүниеге келді. Одан соң грузин патшасы Әскери-Грузин жолын салу туралы өтініш айтты. Бұл жол 2003 жылғы тамыз айының басында госпитальде ғаламат қырғынның орны болған қазіргі осетиннің Моздок қаласынан бастау алды. 1783 жылдың казан айында орыстың ұлы қолбасшысы ноғай мәселесін шешуге кірісті. Оның әскері де жорыққа Моздоктан шықты...

Содан 206 жыл өткен соң жүргізілген санақ бойынша, олардың Солтүстік Кавказдағы бүкіл автономиялық республика-облыстары мен Ставрополь және Краснодар аймақтарындағы саны 70 мыңнан әрең асқан. Олардың өз автономиясы жоқ және болған да емес. XIX ғасырдың орта шенінде 16-ақ мың болған осетиндердің саны қазір 700 мыңға жетті. Ноғайлармен Солтүстік Кавказда көрші болған басқа тау халықтары да талай қиындықтарға қарамастан, саны жағынан өспесе, өшкен жоқ.

«Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген түсінік көп халықтарда бар. Орыста да бар, бізде де бар. Соған қарамастан, А.В.Суворов ноғайларды қойша көгендеп қойып қырып, қанын судай ағызған жерлердің тура үстімен Алтын Орда Ноғайының туған ұлы Таз батырдан тараған қазақ таздары жерінде ашылған ғаламат Теңіз кенішінің мұнайын айдап апарып сатып жатырмыз. Айтқалы отырғаным – КТК құбыры. Бұның арты не болады?!

Адам о дүниеге жүріп кеткенде, қай халықтың болса да атқаратын дәстүрлі рәсімі болады. Ол орындалмаса, адам жерленген болып есептелмейді. Сондықтан қазақта хабарсыз кеткен адамның шейіт болғаны туралы хабар ондаған жылдардан кейін келіп жетсе де, оған құран оқытып ас беру деген бар.

Ноғайлар бүтін халық – қалың ел болған. Оны жоқтау парызы – казақтың мойнында. Өз алдымызға тәуелсіз ел болған екенбіз, енді осы парызымызды өтеуіміз керек.

Жоғарыда аталған Ахмет Ярлыкапов («Может, ногайцы имеют больше прав на этноним «татары», чем казанцы?», business-gazeta.ru) былай дейді: *«Ногайская Орда в истории России играла без преувеличения огромную роль, и это значение до сих пор еще до конца не изучено, потому что в историографии сложилось так, что вообще Золотая Орда и постордынские государства — какая-то боковая ветвь отечественной истории, которая якобы прямого отношения не имеет к истории России, и, соответственно, все силы направлялись на изучение истории Киевской Руси, русских княжеств, Московского государства. Все остальное было какой-то периферией. Этот неверный посыл, подход, к сожалению, до сих пор имеет место быть. Конечно, его необходимо преодолевать, в том числе и усилиями здравомыслящих историков, которые понимают, что история России невозможна без истории Золотой Орды.*

В этом году отмечается 750-летие Золотой Орды, и громко претензии на наследие Золотой Орды предъявляет Казахстан. При этом Россия молчит, у которой как раз гораздо больше оснований претендовать на ее историю, нежели у Казахстана. Такого рода моментов много. То же самое не только с Ногайской Ордой, то есть ногаи жили и действовали в самых разных государствах, практически по всему золотоордынскому пространству, и вклад ногаев в нашу общую российскую историю очень велик. И в историю, и в культуру. Я провожу параллели с последними статьями казахстанского лидера Нурсултана Назарбаева, который говорит о кочевничестве, кочевой истории, что это казахское наследие и так далее, так вот, на самом деле в России есть те же ногайцы. Про историю я сказал, хотелось бы по учебникам добавить, что обязательно надо историкам собраться, обсудить эту тему, и нужно историю, тему Орды подавать как часть российской истории. Золотая Орда, постордынские государства – неотъемлемая часть российской истории. Конечно же, в учебниках необходимо отходить от подачи золотоордынского периода как какого-то ига... Потому что всегда над умами ученых довлели определенные установки: «Орда - хищническое государство, которое оказывало тормозящее влияние на развитие русских княжеств, государства». Это был преобладающий в историографии русского государства постулат. Запомнились труды Виктора Жирмунского, особенно его монография «Тюркский героический эпос», его подход тоже необычный, так как в то время не было принято говорить о том, что у тюркских народов – богатая история. Многие ногайцы, например, именно из работ Жирмунского узнали о своем легендарном прошлом». Бұл жалпы дұрыс пікір. Бұған алып-қосарымыз жоқ.

Аққали КӨПТІЛЕУОВ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

НҰРЛЫ ЖЕР: ТҰРҒЫН ҮЙ

АЛЫП ШАҺАРДА ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Алматыда тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Алып шаһардағы құрылыс жұмыстарының барысымен танысқан қала басшысы Бақытжан Сағынтаев өзінің Instagram парақшасында осылай деп жазды. Бүгінде әсем қаламызда «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша сәулетті тұрғын үй кешендері көптеп бой көтеруде. «Тұрғын үй құрылысының қарқыны жақсы. Жыл қорытындысында барлық бағыт бойынша 2396 мың шаршы метр тұрғын үйді тапсыру жоспарда бар. Бұл 2019 жылға қарағанда 300 мың шаршы метрге артық», – деп жазды мегаполис әкімі.

Шаһар басшысы атап өткендей, «Жаңа Алматыда» ауқымды құрылыс басталды. Наурызбай ауданында «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 217 840 шаршы метрді құрайтын 127 көппәтерлі «Alma City» тұрғын үй кешені салынуда. Оның ішінде биыл 100 үй, келесі жылы қалғандары пайдалануға беріледі. Жалпы, биылғы жылы 2396 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған, оның ішінде коммерциялық – 1591 мың шаршы метр немесе 17 420 пәтер, мемлекеттік бюджет есебінен – 290 мың шаршы метр немесе 5206 пәтер, жеке тұрғын үй құрылысы – 510 мың шаршы метр немесе 2062 үй, жатақхана құрылысы – 4,6 мың шаршы метр.

Алып шаһар тұрғындары көтеретін өзекті мәселенің бірі – мектептерде орын жетіспеушілігі. Осы ретте Алматы әкімі қалада жүргізіліп жатқан мектеп құрылыстарының барысын тексерді. Әуезов ауданының «Жетісу – 2» ықшамауданындағы №117 мектептің жанынан 900 орындық қосалқы нысан салынуда. Ал, Наурызбай ауданындағы №186 мектеп жанынан 513 орындық нысанның құрылысы жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ 120 орынды балабақша бой көтеруде. «Жалпы келесі оқу жылының басында мектептерге жапсарлас салынатын 8818 орындық 17 қосымша құрылыс нысанын тапсыруды жоспарлап отырмыз. 2021 жылдың соңына дейін қаланың Алатау, Наурызбай, Түрксіб аудандарында 12 600 орынға арналған 8 мектеп ашылады», – деп жазды Бақытжан Сағынтаев.

Сонымен қатар қала әкімі «Қалқаман» ықшамаудандағы құрылыс алаңында болды. Мұнда №7 қалалық аурухананың 48 төсек-орындық қабылдау бөлімінің жаңа корпусы салынуда. Алмалы ауданындағы сән және дизайн колледжінің жанынан салынған 80 орындық қосалқы нысанның құрылысы аяқталды. «Салынып жатқан барлық нысандардағы жұмыстың сапасын бақылауға алуды және оларды мерзімінде пайдалануға беруді тапсырдым. Аулалардың, кіреберіс жолдардың абаттандырылуы және заманауи құрылғылардың жеткізілуі басты назарда болуы тиіс», – деп атап өтті Алматы әкімі Бақытжан Сағынтаев.

ЗЕЙНЕТАҚЫ

ОНЛАЙН-ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУДЫҢ ОҢТАЙЛЫ ЖҮЙЕСІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры биыл 1 қазанға дейін өз салымшыларына 14,03 миллион қызмет көрсетті.

Коронавирустың таралуына орай қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты бірқатар шектеу шараларының қабылдануына қарамастан, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 5% немесе 663 мың қызметке артып отыр. Бұған онлайн-қызметтерді ұсынудың оңтайлы жүйесінің арқасында қол жеткізілді. Себебі ағымдағы жылдың 1 қазанындағы операциялардың жалпы көлемінің 92,4% (немесе 12,96 млн) электрондық форматта жүргізілді. Өткен жылмен салыстырғанда электрондық қызметтердің танымалдығы 20,2% немесе 2,2 млн қызметке өсті, деп хабарлайды БЖЗҚ баспасөз қызметі.

Осылайша салымшылардың көпшілігі БЖЗҚ сайтында да, ұялы қосымшасында да бар Жеке кабинеттің көмегімен қызметтердің толық спектрін үйден шықпай-ақ алатынын көруге болады. Атап айтқанда, бұл – жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның болуы туралы анықтама алу, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге және (немесе) көшуге берілетін өтініштің мәртебесін қадағалау және тағы басқалар.

Шектеу шаралары жеңілдетілгеннен кейін БЖЗҚ-ның 200-ден астам бөлімшесі өз есіктерін айқара ашты. Онда қабылдауға алдын ала жазылу, желдету, ылғалды тазалау және дезинфекциялау сияқты барлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, қор салымшыларына 9 айда 1 миллионға жуық, дәлірек айтқанда 993 044 қызмет көрсетілді. Сонымен қатар қордың барып қызмет көрсету бөлімдері 1 қазандағы жағдай бойынша өз салымшыларына 76,1 мың қызмет көрсетті.

Айта кетейік, БЖЗҚ-ның кейбір қызметтері «Қазпошта» АҚ – ұлттық пошта операторының 300 бөлімшесінде де ұсынылады. Осының нәтижесінде БЖЗҚ-ның қызмет көрсету орталықтары жоқ қалалар мен ауылдардағы салымшылар бұрын жақын мандағы ірі елді мекендерге баруды қажет еткен қызметтерді енді еш қиындықсыз алатын болды. Жыл басынан бері «Қазпошта» бөлімшелерінде салымшыларға 2930 қызмет көрсетілді.

Қор міндеттерінің бірі – сапалы кеңес беру қызметтерін көрсету және салымшылар мен алушыларға бағытталған ақпараттық арналарды дамыту. Осы ретте биыл тоғыз айда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда кері байланыс арналары бойынша салымшылар жасаған өтініштер саны екі еседен астам артқан.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

БИЗНЕС&МӘДЕНИЕТ

КӨРМЕ

Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Абай – халық даналығы» көрмесі өз жұмысын бастады. RBK банкі ұйымдастырған көрме жұмысы қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушы-философы, композиторы, көркем сөздің шебері Абай Құнанбайұлының туғанына 175-жыл толуына арналды.



НҰРЛАН ҚҰМАР

Шараның ашылу салтанатында «Абай бейнесі – Қазақстан суретшілерінің көзімен» атты

Абай даналығы – халық мұрасы

каталогының тұсаукесері болды. Көрмеге музей қорынан 70-тен астам Абай бейнесі мен шығармашылығына арналған әр кезеңдегі суреттілердің кескіндемелік, графикалық, мүсіндік шығармалары қойылған. Бұл туындыларда өткен жүзжылдықтағы және заманауи шеберлер Абай образын, оның ұлылығын бейнелейді. Кескіндемеде Ә.Қастеев, Б.Сәрсенбаев, Ә.Ысмайылов, К.Қожыков, А.Ғалымбаева, Л.Леонтьев сынды суретшілер өз көзқарастарымен Абайды кейде отырғызып, қолына кітап ұстатып, кейде шабыт үстіндегі кейіпін бейнелеп, ойшылдың ұлылығын шынайы түрде жеткізеді. Абайдың портретін жасаған – алғашқы суреттілердің бірі Ә.Қастеев болды. Ол 1945 жылы акварельдік техникада «Жас Абайдың портретін» бейнелейді. Мұнда жас ізденуші ақынның көңіл күйін береді. 1971 жыры «Жайлаудағы Абай» шығармасында қазақ ауылының маңында отырған егде жастағы кезі суретеледі. А.Ғалымбаева 1960-1967 жылдары «Абай әндері» фильміне «Айтыс», «Ажар мен Айдар», «Билер соты» т.б. топтамалық нобайлар жазады. Н.Нұрмұхаммедовтың 1971 жылғы «Абай портретінде» жазушының монументалды денесі шығарма шегіне сыймай тұрғандай. Ол осы арқылы Абайдың рухани мықтылығы мен күшін жеткізгісі келді. Т.Тоғысбаев өзінің «Ойшыл Абайын» (1971) жердің жартылай шарына орналастыруда, ақынның тұлғасын біздің планетамыздың үлкендігімен теңестіреді. Өйткені суретші үшін Абай тұлғасы ғаламдық деңгейде орын алады.

Графикада М.Әуезовтың «Абай жолы» романына Е.Сидоркин екі рет тоқталып, 1960 жылы «Абай мен әжесі», «Тоғжан», «Аналар», «Құнанбай», «Байге», т.б. парақтарын линогравюра және 1970 жылы автолитографияда кітапқа топтамалы иллюстрациялар жасайды. И.Исабаев 1970-ші жылдары автолитография техникасында «Қаламқас», «Ескендір», сондай-ақ, жыл мезгілдеріне арналған өлендерінің желісі бойынша иллюстрацияларын көркем суреттейді.

Қ.Каметов Абай өлеңдеріндегі 1986 жылы «Алтыбақан», «Көш», «Барымта» атты литографияларында қуанышты лирикалық өлендерді еркін түсінеді. Графикші өлең жолдарын өздігінше елестетіп, өткен тарихтың бұлыңғыр естелігі іспетті жазады. Мүсіншілер Е.Сергебаев, В.Рахманов және т.б. Абай образын ақын-философ ретінде сомдайды. Сонымен қатар көрмеге армян мүсіншісі Е.Годжабашянның музей қорына сыйға тартылған Абай бюсті қойылған.

ЭКОЛОГИЯ: АЗАМАТТЫҚ БАСТАМА

Жануарлар да жайлы өмір сүруге құқылы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында қазақстандықтардың экологиялық мәдениеті жайлы сөз қозғай отырып, қоршаған орта мен жануарларға деген қарым-қатынасты сынға алды. «Жыл басынан бері түрлі жабайы әрекеттердің куәгері болып жүрміз. Қазақстан әлемдегі экологиялық антирейтингте бекер көш бастап тұрған жоқ. Бізге экологиялық мәдениет қалыптастыру керек», – деді ол.

БОЛАТБЕК МҰХТАРОВ

Биыл Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ осы жағдайларды ескере отырып, «Қазақстандағы эко-жобаларды таныстыру және дамыту» бойынша жұмыстарын бастап кетті. Биыл осы бағытта арнайы грант бөлініп, елдегі түрлі эко-жобалар насихатталуда. Елімізде жануарлар мәселесін, көшедегі қаңғыбас иттер мен иесіз мысықтардың мәселесін көтеріп жүрген қоғамдық ұйымдар бар. Бірақ аздық етеді. Солардың бірі – Өскемендегі «Дворянин» жануарлар құқығын қорғау қоғамдық қоры.

2007 жылдың қазанында құрылған бұл ұйым сол уақыттан бері хайуан атаулыға қамқорлық жасаумен айналысып келеді. Мақсат – қоғамда қалыптасқан «иесіз жануарларды жоюға болады» деген көзқарасты өзгерту, үй жануарларының өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау. «Жануарларды қорғау ісін осыдан бірнеше жыл бұрын қолға алдым. 2004 жылы жануарларды қорғаушы жерлесім екеуіміз қорапқа салынған алты күшікті тауып алдық. Неміс овчаркасы екен. Қайда жіберерімізді, не істейтінімізді білмедік. Ақыры төртаяқтыларға жақсы күтім жасай алатын адамдарды көшелерге хабарландыру іліп, іздедік. Тағы бірде иесізғимараттар жанынан өтіп бара жатып, бір күшіктің дауысын естідім. Сол жердегі адамдарға жалтақтап, тамақ бере ме деп тұр екен. Үстіне мазут төгілген бе, лас. Ашыққан күшікті үйге әкеліп, телевизияның жүгіртпе жолына хабарландыру бердім. Асырап алғысы келетіндер көп болды», – дейді тәжірибелі кинолог, «Дворянин» қоғамдық қорының басшысы Лариса Прокопьева.

Осыдан кейін зооқорғаушы басқа да энтузиастармен бірге көшеде адасқан, асыраушысы қалған, қожайыны бас тартқан иә жетім ит-мысықты қамқор қолға берумен жүйелі айналысуға кіріскен. Қоғамдық қор құрып, иесіз жануарларды уақытша асырауға аумақ бөле алатын жеке және заңды тұлғаларды, ветеринарлық клиникаларды және жануарларға қорекке қаржы бөле алатын демеушілерді тапты. Ол қамқорлықсыз қалған әрбір жануарды есепке алады. Оларға жеке-жеке құжат әзірлейді. Мысалы, көшеден табылған бір күшіктің құжатында оның тұқымы, жасы, жағдайы, денсаулығына қатысты және басқа да бар мәлімет жазылады. Күшікті асырауға жауапкершілік алған адамның да құжаты мен қосымша мәліметін тіркеп отырады. Әрбір ит-мысықтың қандай қолға өткенін, қандай үйге тап болғанын білген маңызды. «Қожайын тауып берген жануарлардың әрқайсын жатқа білемін, бәрінің жағдайын жүрегімнен өткізгенмін. Пәтерімнен адамдардың қолына 200 мыңнан астам күшікті бердім. Олардың әрқайсына не себепті айрықша көңіл бөлу керек деп ойлайсыз? Бізде иттің бәрі ит, мысықтың бәрі мысық деп қарайтын жансақ түсінік бар. Жоқ, бұлай емес. Өйткені әр иттің тұқымы бар. Біріне қолданылған дрессировка екіншісінің психикасы мен табиғатына қайшы болуы мүмкін. Сондықтан мен ит асырап алам деушілерден ең әуелі «ішкі дүниеңізге қажет пе, әлде шаруашылыққа ма?» деп сұраймын. Олардың мақсатын қарай тиісті кеңес беремін», – дейді Лариса Васильевна.

2009 жылы «Дворянин» қорының басшысы Қазақстанның сол кездегі президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа қолданыстағы заңнамаға азаматтардың үй жануарын асырауға қатысты жауапкершілігі мен оларға қатігездік жасағандардың жазасын күшейту туралы өзгеріс енгізуді ұсынды. Бұл ұсыныс Қылмыстық және Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстерге енді. Биыл Лариса Прокопьева жануарларды қорғау туралы жаңа заң жобасының сарапшылар кеңесіне мүше болды. Оның ұсынысы – жергілікті атқарушы органдардың қарусыз жүрген ит-мысық аулау қызметін реттеу, жануарларды ұрықсыздандыру ісін жолға қою, жануар аулаудың ізгі әдістерін қалыптастыру. Жаңа заң бір облыс орталығында жыл сайын 300 мыңдай үй жануарының өлтірілуіне тоскауыл қоюы керек. Бұл цифр «Дворянин» қорының 13 жылдағы статистикасынан алынып отыр. Қор басшысы әр өңірде үй жануарларын қолға беруге және адасқан жануарларды табуға арналған сайт жұмыс істеуі керек деп есептейді. Үй жануарларына медициналық көмек беретін, оқыс жағдайға ұшыраған жануарларды құтқаратын қызмет ашу да – «Дворянин» қоры көтеріп жүрген бастама.

Әр үйде ит пен мысық болуы міндетті емес, бірақ әр ит пен мысықтың баспанасы болуы керек. Жануарларды қорғау ұйымының девизі – осы.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Жалған ақпарат жарға жығады

Алматыда «InternetCA-2020 Орталық Азиядағы интернет саласының дамуы» атты XI аймақтық интернет-форум алғаш рет онлайн форматта өтті.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

«Індет кезіндегі интернет. Пандемиядағы интернет рөлінің трансформациясы» атты тақырыпта өтуен форумда дәстүрлі түрде MediaNet Халықаралық журналистика орталығы Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисінің қолдауымен ұйымдастырды. Форумда Қазақстан, Беларусь, Украина, АҚШ, Болгария, Грузия, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан сарапшылары тәжірибесімен бөлісті.

«Пандемия кезеңіндегі мемлекеттің Интернетке ықпалы» атты сессияда спикер ретінде ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Кемелбек Ойшыбаев сөз сөйледі. Ол соңғы айларда жалған ақпаратпен күрес және коронавирустық инфекция пандемиясынан туындаған дағдарыс кезеңінде БАҚ-ты қолдаудың тиімді шараларын әзірлеу министрлік қызметіндегі аса өзекті бағыттарға айналғанын атап өтті. Сондай-ақ, министрлік ақпараттық қауіпсіздікті, цифрлық құқықтар мен сөз және БАҚ бостандығын сақтау шарттарын міндетті түрде сақтай отырып, интернет кеңістігі мен әлеуметтік желілерді реттеу тетіктерін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырады.

Форум жұмысы барысында инфодемия кезіндегі медиа сауаттылық пен фактчекинг, цифрлық құқықтар мен киберқауіпсіздік, жаңа азаматтық белсенділік және желідегі адам құқықтарын сақтау, онлайн заң шығару және сот төрелігі, пандемия кезеңінде аудиторияны ақпараттандырудағы БАҚ рөлі және тағы да басқа мәселелер бойынша пікір алмасып, тәжірибемен бөлісті.

2020 жыл Қазақстан үшін де, әлем үшін де коронавирус пандемиясы аясында өтті, бұл – күнделікті өмірде, соның ішінде азаматтық қоғам институттарына бұрын-соңды болмаған қиындықтар және онлайн-форматқа көшу қажеттілігімен ерекшеленді.

БІЛІМ: ҰЛАҒАТ

Мектеп мәдениеті деген не?

Мәдениет – бұл ортақ құндылықтар мен ұстанымдар. Біз бәріміз белгілі бір нәрселерді ұстанамыз: кейбірі жалпы, кейбірі ерекше, кейбірі бірегей, кейбірі қатаң ұстанатын, кейбірі болжалдайтын. Дегенмен, адамдардың қалыптасқан топтары арасында келісімге келгеннен кейін құндылықтар мен ұстанымдары алмаса бастаймыз. Өйткені қандай да болмасын ұйым адамдарға қызметтес болуға, өзара қарым-қатынас орната отырып, жалпы ұстанымдар мен көзқарастарды қалыптастыруға ықпал етеді. Осы жағдайда ғана мектеп пайымдауын, миссиясын, стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік аламыз.

Сонымен мектеп мәдениеті дегеніміз – білім беру үдерісі субъектілерінің мінез-құлқын басқаруға және ұйымның сапалы қайта құрылуына мүмкіндік беретін негізгі құндылықтар мен түсініктер, ресми және бейресми ережелер, нормалар, іс-әрекеттер, дәстүрлер мен сенімдер, қарым-қатынастар жүйесі болып табылады.

Мектеп мәдениетін анықтаудың бірнеше тәсілдері бар. Соның ішінде «Мектеп мәдениеті» тақырыбында коучинг өткізіп, оның бастапқы бөлігінде «мектепте бірден көзге түсетін ерекше нені байқадыңыз?» сұрағынан басталған тәсілді қолданғанымызды айтып өтейік. Бұл коучинг өзгерістерді енгізу басталған кезде және соңында жүргізілді. Бастапқы сұрақты мектепке жаңадан келген мұғалімдерге қойған дұрыс болады екен. Сырт көз сыншы деген. Бастапқыда флипчартқа барлық айтылған артефактілер жазылады. Ол жағымды да, жағымсыз да болды. Онан кейін анықталған артефактілер бойынша сұрақтарға жауап алынды. Бұл үдеріс 1-1,5 сағат уақытты алды.

Бұдан нені анықтай алдық. Егер мысалы, 7а сыныбының оқушылары сабақта топтық тапсырманы орындауға қызығушылықтары басым деген көзге көрінетін әрекетті көре алдық. Оқушылар осыны түсіндіргенде мектептің миссиясы, стратегиялық мақсаттарына сәйкестендіріп айта алса, онда мектеп мәдениетіне жақын келдік. Басқадай түсіндіру, мысалы «қазір талап етіп отыр ғой» деген сияқты жауап алынса, онда мектеп мәдениеті туралы айту әлі ертерек. Ары қарайғы, мысалы, «оқушыларды топтық жұмысқа тарта отырып сыни ойлануға ықпал етуге болады» деген жауапқа көшбасшы қуана бастауы керек. Осылай тізімделген барлық артефактілердің пайда болу негізін анықтау арқылы мектеп мәдениетінің деңгейі анықталады. Өзгеріске дейін және кейін жүргізілген бағамдаулар арқылы нені мәдениетке орнықтыратынымызды, нені жақсартатынымызды анықтауға болады.

Сонымен мектеп мәдениеті дегеніміз – білім беру үдерісі субъектілерінің мінез-құлқын басқаруға және ұйымның сапалы қайта құрылуына мүмкіндік беретін негізгі құндылықтар мен түсініктер, ресми және бейресми ережелер, нормалар, іс-әрекеттер, дәстүрлер мен сенімдер, қарым-қатынастар жүйесі болып табылады.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ МЕКТЕП МӘДЕНИЕТІНЕ ОРНЫҚТЫРУ ҮШІН ҚАНДАЙ ӘРЕКЕТТЕР ҚАЖЕТ?

– Барлық мүдделі тұлғаларды бірыңғай пайымдауды дамытуды жалғастыруға шақыра отырып, табысты жетістіктермен бөлісіңіз.

– Ұйымның жаңа қызметкерлерін пайымдаумен, миссиямен, стратегиялық мақсаттармен таныстырыңыз және оларды осыларды алға жылжытуға үгіттеніз, шақырыңыз.

– Жаңа тәртіп пен жаңа мәдениетті мұғалімдермен кәсіби сұхбаттасу сұрақтарына қосыңыз. Команда көшбасшыларына үміткерлердің ұйымның мақсатары мен міндеттерімен таныс екеніне көз жеткізіңіз. Содан кейін, кандидаттар осы мәдениетке сәйкес келетіндігіне мән беріңіз.

– Қажет болса, көшбасшылар орындарын ауыстырыңыз.

Мектеп мәдениеті үдерістің соңында көрінгенмен, ол үдеріс барысында қалыптасады немесе дамиды. Мектеп мәдениеті оқушының дамуына жұмыс жасайтынын әсте естен шығармауымыз керек. Өзгерістерді енгізу, оны басқару мектеп басшысына көп талаптар қояды.

Зерттеу нәтижесін жазу барысында басқалары ынталандырып жүрген көшбасшының өзін не ынталандырады? Ауқымды істерді атқаруға қабілетті адамды алға ұмтылдыратын не? Басқалардың өзінің жанынан табылуына оның қандай әрекеттері әсер етеді? деген қызықты сұрақты өзімізге қоя отырып, соңғы түйінді идеялар ретінде соның жауабын беруге тырыстық.

– Көшбасшыны ынталандыратын кешегі өткен істер емес, қазіргі және болашақтағы тың істер.

– Көшбасшыны алға жылжытатын В.Крюгер «Айсбергіндегі» теренмен басқару, С.Кови ұсынған жеті дағды, McKinsey 7S моделіндегі «жұмсақ Ss».

– Басқалардың өзінің жанынан табылуына оңды ықпал ететін эмоциялық зиятының болуы.

– Өмір бойы үйренуге құштарлық.

– Дамудың қозғаушы күші ретінде қоғамдастықта жұмыс жасау көшбасшыны жігерлендіреді.

Дж.Коттер кез келген өзгерістерді жүзеге асыру кезінде тұяндайтын қиындықтарға байланысты көптеген адамдарды тартуға тура келеді, ол уаққа созылатын үдеріс, сондықтан өз тәжірибесіндегідей сегіз қадамның болғанын ұсынған. Осы ұсыныстың тиімділігін өз зерттеуімізі барысында көре алдық. Бизнес саласындағы қадамдарды мектепке икемдеу, әрине, қиындықтар туғызды. Теориялар да ұзақ талқылауға тура келді. Дегенмен, зерттеуге қатысушы барлығымызға осы әрекеттеріміз ұнағандықтан алға талпындық. Ең бастысы, оқушылардың оқу барысындағы өсу-өзгерістері мен қуанышын көргенде, ата-аналардың ризашылығын естігенде жасаған ісіміздің зая кетпегенін сезіндік.

Бағдагүл САЙФУЛЛАҚЫЗЫ,
Айман БИПАЖАНОВА,
«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
Алматы қалалық филиалының аға менеджерлері

«Қазақ газеттері» ЖШС және Серіктестікке қарасты басылымдардың еңбек ұжымдары Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, ғылым докторы

Ұзахит ШӘЛЕКЕНОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құрылтайшы және шығарушы: **«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»** Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Редакторлар кеңесінің төрағасы **Шәмшидин ПАТТЕЕВ**

қабылдау бөлмесі 272-87-30
жарнама бөлімі 267-00-44
www.tengemonitor.kazgazeta.kz
E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

TENGE MONITOR

Бас редактор **Ақас ТАЖУТОВ**

Бас редактордың орынбасары – жауапты хатшы **Рымтай САҒЫНБЕКОВА**

Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Исатай ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР
Беттеуші: Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Ақтөбе облысында: Жаңғабыл Қабақбаев 8 771 769-63-22
Маңғыстау облысында: Бектұр Тілеуғалиев 8 701 774 2141

Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
АЛШАНОВ Рахман, ӘБДІМАНАПОВ Сәрсенғали, БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетпісбай, ЕСПОЛОВ Тілектес, ҚАЛИЕВ Ғани, НҰРСЕЙІТ Айтқали, САҒАДИЕВ Көкжегали, САПАРБАЕВ Әбдіжапар, САТЫБАЛДИН Сағынды қ, ТЕМІРБЕКОВ Нұрлан

«Tenge monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Тапсырыс: 1249.
Таралымы: 5000.

Газет аптасына 1 рет шығады.
Газет «Дәуір» РПБК ЖШС-да басылды.
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй.
Тел.: 273-50-53.

МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы, Жеттоқсан көшесі, 175, 4-қабат, 403-бөлме (тіркеме)
тел.: 272-87-04

404-бөлме (бас редактор)
тел.: 267-36-34
факс: 272-86-11

E-mail: kazekonomica@mail.ru
www.tengemonitor.kazgazeta.kz

Нөмірдің кезекші редакторы:
Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ